



ЖОЛ АЗАБЫН – ХАЛЫҚ, АҚШАСЫН ШЕТЕЛ КӨРЕ БЕРЕ МЕ?

Биыл ел өңірлерінің басым көпшілігін басқан тасқын көптеген жолды бүлдірді. Мысалы, кеше БҚО-да қызыл суды өткізу үшін Махамбет пен Сарытоғай арасындағы автожол бұзылып, көлік қатынасы уақытша тоқтатылды. Бұл тәжірибе сәуірден бері су басқан әр облыста қолданылды. Судың беті түпкілікті қайтқан соң бүлінген трассаларды тегіс қалпына келтіруге тура келеді. Бірақ жолдарға қатысты басқа ірі проблема бар: оларды негізінен шетелдік компаниялар салады. Мысалы, халықаралық дәліздерді салушы 30 ірі компанияның 13-і ғана қазақстандық.

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ӨЗІ КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ

Шетелдіктер әлемдік ең озық стандарттарға сай тактайдай түзу, еш кінәраты жоқ тасжолдар салып тастаса, еш шағым айтылмас еді. Баршасы кол соғып, сүйсінбес пе?! Жолдардың сапасы қарапайым жүргізушілерден бастап, Президентке

де ұнамай тұр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында жол сапасына жеке тоқталды.

– Автокөлік жолдарының құрылысы мәселесі шешімін табуға тиіс. Қазір оның сапасы сын көтермейді! Тиісті жұмыстар уақытылы және сапалы жа-

салмайды. Жемқорлық белең алып тұр. Бәсеке де жоқтың қасы. Мұның бәрі – осы салада әбден тамыр жайған кемшіліктер. Сондықтан жыл соңына дейін нақты шаралар қабылдау қажет. Міндетін адал атқармаған барлық компания заң бойынша жауапқа тартылады. Бұл мәселеге мен баса назар аударамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстанда биыл тасқын шайған тасжолдармен бірге суға ағып кетіп жатқан алып жүк көліктері бейнеленген видеоларды әлемдік ақпарат құралдарына дейін таратты. Яғни, қарғын су қазақстандық жолдардың сапасы сын көтермейтінін жаһанға паш етті.

(Жалғасы 4-бетте)

ЖАЙЫҚ ЖЫЛАП АҚПАСЫН

Айға жалғасқан арпалыста мемлекет болып, ұлт болып ұйыса қимылдаған кез. Сол қайрат биік рух, шалт қимылмен ұштасып жұрттың су шайған көңіліне демеу болған кез.



Қазақтың жүз мыңдаған жанашыр азаматы жан ұшыра қайрат кылып, қар суынан қираған ауыл, киналған жұртқа қуат берген кез.

Біз әдейілеп Атырауға келгенде бұл уақыт Жайықтың кемерінен асып төгілетін күндері болар дегенбіз. Атырау соған дайындалған. Ор дария тасып, жағасын жайпап өтіп, Жайыққа Орынбордың бір тұсын жапырып келіп құйғанда күллі қазақ абдырап қалған. Сөйтіп, жалмажан жан ұшыра қимылдаған.

» 12

АРДАГЕРДІ ЖЕҢІС КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



«AMANAT» партиясының мүшелері ел аумағында Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін Жеңіс күні мерекесімен құттықтады. «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек 99 жастағы ардагер Жақан Сейсебаевтың шаңырағына барды.

» 3

ЖОЛДАМАҒА ЛАЙЫҚ БОЛМАСАМ, ӘУЕЛДЕ-АҚ БАС ТАРТАР ЕДІМ

Елдос Сметов араға тоғыз жыл салып Астана төрінде күресті. Иә, талантты дзюдошы «Олимпиада алтынын алмай қоймаймын» деп отыр. Демек, 60 келі салмақтағы тартыс одан сайын қыза түседі. Өйткені Нұрқанат Серікбаев пен Мағжан Шамшадин де оңай шағылар жаңғақ емесін дәлелдеп жүр. Десе де, бұл шайқастың нәтижесі Абу-Дабиде өтетін әлем чемпионатынан кейін белгілі болмақ.



» 16

ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ БІРДЕ-БІР ҚАЗАҚША БРЕНД ЖОҚ



8-9
БЕТТЕР

ДӘСТҮРЛІ ӨНЕРДІҢ КӨМБЕСІ



13
БЕТ

ТҰҚЫМЫ МЕН ЖАЙЫ ЖОҚ, ШАРУА ҚАЛАЙ КҮН КӨРЕР?!



Диқан қауым үшін былтырғы жыл оңай болмағаны анық. Жаз бойы көк аспаннан тамшы тамбай қуаңшылықтың салдарынан өспей қалған бидайды қара күз бойы сибірлей жауған жаңбырдан жаппай ылғал басқан еді. Тұтастай суда қалған астық көктеп кетіп, өткізе алмаған шаруалар дабыл қаққан. Үкіметтің қаулысымен мемлекет астықты сатып алу жөнінде арнайы тапсырма бергенімен, мыңдаған тонна астығын қоқысқа төгуге мәжбүр болған шаруалардың бұл көмек жыртқығын жамай қойған жоқ.

» 10

«МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына екінші оқылымда «Мемлекеттік сатып алу туралы» және «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына жекелеген көлік құралдары түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары ұсынылады. Әр заң жобасы бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заң Президенттің мемлекеттік сатып алу саласын жетілдіру жөніндегі тапсырмаларын іске асыруға бағытталған.

Атап айтқанда, Мемлекет басшысының 2024 жылғы 7 қапандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмаларына жауап ретінде заң жобасында ЕРС-келісімшарттарды енгізу, офтейк-келісімшарттар арқылы отандық өндірушілерді қолдау, шағымдану рәсімдерін жетілдіру,



жеткізушілердің жауапкершілігін күшейту және басқа да шаралар көзделеді.

Жол жүрісі туралы заңға енгізілетін жекелеген көлік құралдары

түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша түзетулерге Парламент депутаттары бастамашылық етті. Заң жобасын-

да көлік құралдарының (мопедтердің) жекелеген түрлерін бақылауды жүзеге асыру, мопедтерді мемлекеттік тіркеу (қозғалтқыштың көлемі 50 текше см-ден тө-

мен), оларды тіркеу рәсімін оңайлату, мопедтерді басқару үшін жүргізуші куәлігін алу, мопед жүргізушілерінде «В» санатындағы жүргізуші куәлігі болған жағдайда «А1» санатын автоматты түрде беру көзделеді. Заңбұзушылықтар үшін жауапкершілікке қатысты бірқатар норма ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске тиісті түзетулер аясында енгізіледі.

Сонымен қатар Мәжіліс комитеттері зияткерлік меншік, тауарлардың шығарылған елін айқындау, ақпарат, қоғамдық даму, мәдениет және архив ісі салаларындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заннамалық регламенттелуін болғызбау мәселелері бойынша жаңа заң жобаларын жұмысқа алады. Сондай-ақ Қазақстан мен Қытай арасындағы Транскаспий халықаралық көлік бағытын, оның ішінде Қытай-Еуропа қатынасындағы контейнерлік пойыздар үшін дамыту жөніндегі келісімді ратификациялау жобалары, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығының қызметін реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасы да жұмысқа алынады.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК



Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу Әзербайжан Республикасының Сыртқы істер министрі Джейхун Байрамовпен кездесу өткізді.

Кездесу барысында тараптар қазақ-әзербайжан стратегиялық әріптестігі мен одақтастығын одан әрі нығайту мәселесін талқылады. Сондай-ақ өңірдегі ахуал бойынша пікір алмасты.

Сұхбаттасқан қос тарап тауар айналымы мен транзиттік-көліктік әлеует көлемін ұлғайту жөнінде пікір алмасты.

Қазіргі жағдай туралы айта келе, министр Д.Байрамов қазақстандық тарапқа Әзербайжан мен Армения арасындағы екіжақты бейбітшілік процесін ілгерілету бағытындағы қолдауы мен белсенділігі үшін алғысын айтты. Екі жақ та бүгінгі келіссөздер осы процеске өз үлесін қосатынына сенім білдірді.

ТІРКЕЛМЕГЕН МАЛ ШЫҒЫНЫ ҚАЛАЙ ӨТЕЛЕДІ?

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров су тасыған өңірлерде құжаты жоқ, тіркелмеген мал шығынын өтеу алгоритмі туралы айтты.

«Өздеріңіз білесіздер, арнайы комиссия құрылды. Малына құжаты барлардың шығыны бюджеттен өтеледі. Енді малына қағаз құжаты болмаса, тіркелмесе, алгоритм бойынша 3 куәгер болуы керек деп жазылған. Олар – көршілер, учаскелік полиция инспекторы, ауылдық округтің әкімі. Шығын дәлелденуі тиіс. Оның нәтижесінде мал шығыны қорлар немесе демеушілер, компаниялар есебінен өтеледі. Мысалы, бүгінде Қарағанды облысы барлығын демеушілер есебінен жауып тастады. Сол сияқты Ақтөбе, Қостанай облыстарында жұмысты жүргізіп жатыр», – деді Айдарбек Сапаров Үкімет отырысынан кейін өткен баспасөз мәслихатында.

Сондай-ақ министр ешкімнің көмексіз қалмайтынын айтты.



БАСПАНАСЫЗ ҚАЛҒАН ТҮРҒЫНДАР ШИПАЖАЙҒА АТТАНДЫ

Солтүстік Қазақстан облысында тасқын судан зардап шеккен тұрғындардың бір тобы кеше шипажайға демалуға аттанды. СҚО Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, алғашқы 10 адам Щучинскідегі шипажайға баруға жолға шықты.

Қиын жағдайға тап болған әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың мүшелеріне Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау ми-

нистрлігі мен облыстық кәсіподақ орталығы осылайша қолдау көрсетіп отыр. Қазір өңірде су тасқыны бойынша жағдай біршама тұрақта-

лып, тұрғындардың алды үйіне оралып жатыр. Десек те, басым бөлігі туған-туыстың үйін жағалап, уақытша тұру пунктін паналауға мәжбүр.

«Бүгін Щучинскідегі шипажайға 10 адам жайлы көлікпен жолға шықты. Олар мамырдың 10-ы мен 19-ы аралығында сонда болады. Қазір шипажайда тағы да бос орын-

дардың бар-жоғы анықталып жатыр. Соған қарай сапар жалғасын табады. Біздің қолымызда зардап шеккен адамдардың тізімі бар. Хабарласып, ұсынамыз. Үйі техникалық тексеруден өтіп, шығыны бағаланған тұрғындар баруға келісімін беріп жатыр», – дейді СҚО Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Татьяна Береская.

Келесі топ 12 мамырда Алматы қаласындағы «Көктем» шипажайына барады. Тұрғындар демалыс орнына тізім бойынша іріктеліп

алынған. Демалушыларға алдын ала ескертіледі.

«Отбасымызбен 2 қабатты үйдің бірінші қабатында тұрдық. Тасқын су үйдің шатырына дейін жетті. Әрине, бізді алдын ала ескертіп, эвакуациялады. Бірақ дәл мұндай жағдай болады деп күтпедік. Бүгін шипажайға кетіп барамын. Осындай мүмкіндік беріп, жағдайымызды ойлап жатқан жандарға алғысым шексіз. Бізге өздері хабарласып, шақырды», – дейді Петропавл тұрғыны Ольга Петерс.

Барлық шығынды облыстық кәсіподақ орталығы өтемек.

АРДАГЕРДІ ЖЕҢІС КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

«AMANAT» партиясының мүшелері ел аумағында Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін Жеңіс күні мерекесімен құттықтады. «AMANAT» партиясының Аққарушы хатшысы Дәулет Кәрібек 99 жастағы ардагер Жақан Сейсебаевтың шаңырағына барды.



Майдангер 1925 жылы 10 наурызда Алматы облысы Сатман ауылында дүниеге келген. 17 жасында Қызыл Армия қатарына қосылып, бір жылдан кейін ұрыс алаңына аттанды. Беларусь елін азат ету үшін болған шайқастарға қатысты. «Катюша» артиллериялық қаруының тілін меңгерген зеңбірекші атанды. Жеңіс күнін, яғни 1945 жылғы 9 мамырды Кенигсберг қаласында қарсы алды. Бүгінде Жақан Сейсебаевтың 9 немересі мен 19 шөбересі бар. «Ұрпағымыз соғыс отын көрмесін». Ел қорғаған батырдың ең ұлы тілегі осы.

«Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұстанған саясаттың басым бағыты — зейнеткерлер мен ардагерлерді жан-жақты қолдау, аға буынға айрықша көңіл бөлу, оларға қолдан келгенше қамқорлық жасау. Мемлекет басшысы ардагерлер қауымының ерен ерлігі мен табандылығын үнемі назарға алып келеді. Батырлық және туған елге деген шынайы сүйіспеншілік сынды қасиеттері құндылықтар ұрпақ сабақ-

тастығы арқылы жалғасын табуда. Әр отандасымыз майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің ерен ерлігін құрметтеуі және әрдайым есте сақтауға тиіс. Біз олардың алдында мәңгілік қарыздармыз», — деді Дәулет Кәрібек.

Айта кетейік, «AMANAT» партия-

сы «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында аға буын өкілдеріне әркез қолдау көрсетіп келеді. Мәселен, 2014 жылдан бері ел аумағында партияның қолдауымен қарияларға арналған 100-ден астам белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары ашылды. Онда түрлі секция мен курстар бар. Зейнеткерлер компьютердің тілін меңгеріп, йогамен айналысады, түрлі үйірмеге қатысады және жалпы бос уақыттарын пайдалы өткізеді. Аталған орталықтарда жыл басынан бері 8 мың қарияға арналған 300-ге жуық мәдени-бұқаралық іс-шара ұйымдастырылды.

Сонымен қатар шалғай елді мекендерде тар шеңбері маман дәрігерлері егде жастағы адамдарға көшпелі қабылдаулар өткізеді. Осы жылдың өзінде 12 мыңға жуық қарт адам жоғары білікті медициналық көмек ала алды. Партия 5 мыңға жуық жалғызбасты зейнеткерге дәрі-дәрмек және азық-түлік жеткізу, пәтер және ауладағы құрылыстарды жөндеу, үй жинау түрінде үнемі көмек көрсетеді.

ҚАЛАЛЫҚ САЯБАҚ МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАДЫ

Шымкент қаласындағы «Кең баба» саябағына тиесілі жердің басым бөлігі заңсыз жекеменшікке берілген. Бұған қоса, аталған қаладағы «Ұлы дала» тұрғын үй кешені Жер кодексінің нормаларын бұза отырып салынуда. Бұл туралы «AMANAT» партиясы жанындағы республикалық «Жер аманаты» комиссиясы төрағасының орынбасары, Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жерді әділ бөлу мәселесіне ерекше назар аударады. «AMANAT» партиясы Президенттің қоғамдық тірегі ретінде осы міндеттің жүзеге асуына қоғамдық мониторингі жүргізіп келеді.

Мәселен, Шымкентте партиялықтар «Кең баба» қалалық саябағында рейд өткізді. Саябақ іргесі сонау 1901 жылы қаланып, оның аумағына бағалы ағаштар, негізінен емен егілді. Бүгінде саябақ аумағы ойын-сауық бизнесі кеңістігіне айналды. Яғни, ондағы 3,5 гектардың 2,6 гектары заң бұза отырып пайдаланылуда. Сот шешіміне сәйкес, жер мемлекет меншігіне қайтарылуы керек. Бақытжан Базарбек алда апелляция кезені күтіп тұрғанын айтты. Депутат саябақ аумағында заңсыз салынған мейрамханасы бар қонақүй кешеніне жеке тоқталды.

«2009 жылы Шымкент қаласы әкімдігінің қаулысымен 0,5664 гектар жер учаскесі уақытша пайдалануға беріліп, бір жылдан кейін бұл жер жеке меншікке өтіп кетті. Жер кодексіне сәйкес, жалпыға ортақ пайдаланылатын жерді жекешелендіруге болмайды. Қазір бұл жерде 5 қабатты мейрамхана бар. Шымкент қаласының Жер ресурстарын басқару департаменті әкімдіктің қаулысын заңсыз деп тану туралы талап-арыз жолдап, сот алғаш инстанцияда аталған арызды қанағаттандырды», — деді депутат.

Бұдан соң партиялықтар қалалық әкімдіктің жанынан салынып жатқан көппәтерлі «Ұлы дала» тұрғын үй кешенінің құрылысымен танысты. Аманаттықтардың айтуынша, құрылыс компаниясы дәл осы жер учаскесін ешқандай аукционға және конкурсқа қатыспай алыпты.

«Жер аманаты» комиссиясы 2022 жылы қалалық әкімдіктің қаулысымен 2,2 гектар жер учаскесі Shymkent Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ға 5 жылға уақытша жер пайдалануға берілгенін анықтады. Бұдан соң ӘКК аталған учаскені әкімдіктен сатып алып, кейін жеке құрылыс компаниясына қайта сатыпты.

«Жергілікті атқарушы органдар жер учаскелерін ӘКК арқылы заңсыз беруде. Оны инвестициялық жоба ретінде ресімдейді. Алайда инвестициялық жоба ретінде жаңа өндіріс орындары саналады. Яғни, тұрғын үй кешені құрылысы инвестициялық жоба анықтамасына жатпайды. Бұл дегеніміз — Жер кодексінің 48-бабын бұзу. Құрылысты тоқтату туралы



занды күшіне енген сот шешімі бар. Соған қарамастан нысан құрылысы жалғасып жатыр. Пәтерлер еркін сатылымда. Жергілікті биліктің сот шешімін орындауға күші жетпейтін секілді», — деді Бақытжан Базарбек.

Еске сала кетейік, бұған дейін партиялықтар Дендропарк аумағындағы 0,4 гектар жер учаскесін мемлекет меншігіне қайтаруға атсалысты. Жалпы, былтыр Шымкенттегі «Жер аманаты» комиссиясы атқарған жұмыстың нәтижесінде Көкбұлақ тұрғын алабында ауыл шаруашылығы мақсатындағы 603 гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Сонымен қатар қала шегіндегі жалпы аумағы 1,33 гектарды құрайтын екі жер учаскесі де мемлекет меншігіне өтті.

Айта кетейік, өткен екі жылда ел аумағында 10,3 млн гектарға жуық жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Оның 3 млн гектарға жуығы халық арасында бөлінді.

Бұған дейін республикалық «Жер аманаты» комиссиясының бастамасымен әрбір ауылдық елді мекендегі жайылым тапшылығы мен мемлекет меншігіне қайтарылған жер учаскелерінің тізбесі көрсетілген jerkarta.gharysh.kz интерактивті картасы әзірленген болатын.

Жер мәселелерін жедел шешу үшін қазақстандықтар «AMANAT» партиясының 8 800 080 44 41 «Сенім телефоны» арқылы заңбұзушылықтың барлық фактісі туралы хабарлай алады. Өтінімдер WhatsApp арқылы да +7 700 800 44 41 нөмірі бойынша қабылданады.

БАТЫРЛАР — ПАРТИЯ ҚАМҚОРЛЫҒЫНДА

Еліміз бойынша «AMANAT» партиясының өкілдері Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосқан барша ардагерді өз қамқорлығына алады. 9 мамыр — Жеңіс күні қарсаңында партия мүшелері батырларымызды іздеп барып, өздерінің жылы лебіздерін білдірді.

Құттықтап барғандардың қатарында «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Каримова да бар. Ол ҰОС ардагері Раиса Сафоничеваны арнайы іздеп барып 9 мамыр — Жеңіс күні мерекесімен құттықтады.

Раиса Сафоничева 1943 жылы өз еркімен майданға аттанған. Бір жарым айдың ішінде ол байланыс курсы оқып шығып, содан кейін майдан даласына барды. Украина, Молдова, Румыния және Венгрия үшін шайқастарға қатысты. Ал Жеңіс күнін Будапештте қарсы алған.

«Хабарламаларды, бұйрықтарды, фронттағы жағдайды жылдам әрі дер кезінде жеткізуде байланысшы ерекше жауапты болды. Сондықтан соғыстағы байланысшының жұмысы құрметті және жауапты саналды, шайқастағы жеңістер де соған байланысты болды. Жалпы, соғыстың кесірінен әрбір екінші қазақстандық үйіне оралған жоқ. Батырлардың есімдері біздің жадымызда мәңгі қалады, ардагерлер әрқашан партиямыздың назарында болады», — деді Шолпан Каримова.

Раиса Сафоничеваның II дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденінен бөлек, кеудесі ерлігі үшін берілген медальдарға толып тұр. Айта кетейік, келесі жылы ардагер 100 жасқа толады.

Ал «AMANAT» партиясы орталық аппаратының басшысы Мәди Оспанов Еңбек ардагері Назипа Әбжалелқызын Жеңіс күнімен құттықтап қайтты.

Назипа Әбжалелқызы Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Красная Коммуна ауылында дүниеге келген. Небәрі 8 жасында колхоздағы егістіктерде бидай жинауға атсалысып, астықты элеваторға сұрыптап жіберу жұмыстарына көмектесті. Кейін ол математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеп, өмірін білімге арнады.

«Соғыс басталған жылдары біз бала болдық. Еңбекке бала шақтан араластық. Мектепті аяқтағаннан кейін мен бүкіл өмірімді білімге арнадым, математикадан сабақ бердім. Әртүрлі аймақта жұмыс істедім. Ұрпақтың ардагерлерді ұмытпай, оларға көңіл бөліп, күнделікті өмірде әрдайым қол ұшын созуға дайын тұратыны мені қуантады», — деді ардагер.

Назипа Әбжалелқызы «Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі» атағы, ал 1979 жылы Ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан көп жылдық үлесі үшін «Еңбек ардагері» атағы берілген.

Астанада Жеңіс Күні қарсаңында «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан



Жылқыбаев ардагер Рзағұл Байкешевті іздеп барып, айтулы мерекемін құттықтады.

«Соғыс батырларының ерліктері ұрпақтар жадында мәңгі қалады. Бүгінгі бейбіт өмір үшін біз ардагерлерге өмір бойы қарыздармыз. Егде жастағы адамдарға қамқорлық жасау — біздің басым міндеттеріміздің бірі. «AMANAT» партиясы әрқашан аға буынға құрметпен қарайды. Сіздерге денсаулық, елімізге амандық тілеймін», — деді Ержан Жылқыбаев.

Ақтөбе облысының тумасы Рзағұл Байкешев 1941 жылдың қазан айында 17 жасқа толған шағында Қарулы Күштер қатарына шақырылады. Ол Калинин облысы, Ржев және Великий Луг қалаларында шайқасты. Сондай-ақ ардагер Польша, Румыния және

Венгрияны азат етуге қатысты. Отанына ефрейтор шенімен оралды. Ардагер I және II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Маршал Г.Жуков» және өзге де мерейтойлық медальдармен марапатталған.

«AMANAT» партиясының хатшысы Эльдар Жұмағазиев соғыс ардагері Владимир Дровосековты Жеңіс күні мерекесімен құттықтады. Соғыс басталғанда ардагер әскери зауытта токарь болып жұмыс істеді. 1944 жылы Кеңес Армиясының қатарына шақырылып, Беларусь, Польша және Германия қалаларын фашистерден азат етуге қатысады. Оның ерлігі Назардан тыс қалған жоқ. Ол «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен және көптеген мерейтойлық медальмен марапатталған.

Айхан ШӘРІП

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы 2029 жылға дейін 5 мың шақырымнан астам жолға күрделі жөндеу жүргізу міндетін қойды. Бірақ бұл былтырғы Жолдаудағы тапсырма болатын. Қызыл су бұл санды күрт өсіретіні даусыз. Осыған байланысты бір топ Мәжіліс депутаты Үкіметтен өзекті ақпарат сұратты. Алайда үкіметтегілер деректердің әлі нақтыланып жатқанын, толымды жаңа мәліметтер кейінірек болатынын хабарлады.

Жақсы жолдарсыз Қазақстан Жолдауда қойылған стратегиялық міндетті – көлік-логистика саласын қарқынды дамытып, Еуразия құрлығындағы басты транзит хабқа айналу, сөйтіп көлік-логистика саласындағы ірі мемлекет болу тапсырмасын орындай алмайды.

Сондықтан Мемлекет басшысы жол проблемасын барлық дерлік мінберден көтеріп, қозғау салып келеді. Мысалы, 2024 жылғы 7 ақпанда өткен жаңа Үкіметтің кеңейтілген отырысында Қ.Тоқаев: «Жалпы, жол мәселесіне келгенде бір ғана мақсат болуға тиіс. Республикалық немесе аймақтық жол болсын, еліміздегі жолдың бәрі сапалы болуы керек. Әзірге жағдай мәз емес!» – деп атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 15 наурызда ұйымдастырылған Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында да жолдарға қатысты жағдайға оралып соқты. Оның айтуынша, жол салу және жөндеу жұмыстары экономиканың дамуына тың серпін береді. Сондықтан республикада кемінде 12 мың шақырым автокөлік жолы жанадан салынатын не жөнделетін болады. Дегенмен бұл да тасқына дейінгі жоспар. Бұл сан жылдың екінші жартысына қарай өзгеруі мүмкін.



Республикада жалпы пайдаланатын автомобиль жолдарының ұзындығы жыл өткен сайын қысқарып келеді: 2020 жылы жалпы ұзындығы 95 767,8 шақырым болса, бүгінде 94 781 шақырымға дейін азайды.



«Ұлттық құрылтайда Президент жол салуға және жөндеуге бекер тоқталған жоқ. Жол болмаса, қандай серпін, қандай даму болады? Жолымыздың түрі анау болса, қандай қарқынды экономика, қандай табысты туризм күтеміз? Халықтың әл-ауқаты осы жолға байланысты. Облысаралық жолдардың сапасыздығы өңірлердің дамуына, инвестицияның тартылуына кедергі. Сондай-ақ жол тасымалының қиындығын себеп қылып, азық-түлікті, басқасын қымбаттатады. Бұл тағы қарапайым халықтың қалтасын қағатыны белгілі. Президенттің жаңа Үкіметке артқан сенімі сол жолмен бірге шайылып кетпесін!» – дейді Мәжіліс депутаты Қарақат Әбден.

Депутаттарды бір мәселе алаңдатады: ел басшысы айтқан 12 мың шақырым жолдың биылға жоспарланғанының жобалық құжаттамалары әлдеқашан әзірленіп, құрылысы басталып-ақ кетуі қажет еді. Көктем – жөндеу жұмыстарына ең қолайлы кезең. Бірақ «қолды мезгілінен кеш сермейтін» әдеттегі кепті кешетінге ұқсайды. Берілген уәдені уақытында орындау, халық игілігіне дер кезінде ұсыну ертеңге ысырыла берсе, өкінішті.



ЖОЛ АЗАБЫН – ХАЛЫҚ,

АҚШАСЫН

ШЕТЕЛ КӨРЕ БЕРЕ МЕ?

«ШЕТЕЛДІК» –
САПАЛЫ ДЕГЕН СӨЗ ЕМЕС

Ресми статистиканың өзі Қазақстанда сапасы жоғары жолдар сол бұрынғыдай өте аз екенін аңғартады. Жақсы жағдайдағы жолдардың жалпы ұзындығы кейінгі 4 жылда небәрі 3 мың шақырымға ғана ұзарған. Соның ішінде облыстық маңыздағы жолдардың ішінде жақсы және қанағаттанарлық деңгейдегі жолдардың үлесі біраз өңірде 60 пайызға да жетпейді.

Ұлттық статистика бюросының дерегіне, республикада жалпы пайдаланатын автомобиль жолдарының ұзындығы жыл өткен сайын қысқарып келеді: 2020 жылы жалпы ұзындығы 95 767,8 шақырым болса, бүгінде 94 781 шақырымға дейін азайды. Соның ішінде I категориядағысы – 3 160, II санаттағысы 6 088 шақырым ғана.

Бектенов Үкіметінің тұңғыш кеңейтілген жиынында Президент елді мазалаған тағы бір мәселені көтерді.

– Қалыптасқан тәжірибеге қарасақ, республикалық маңызы бар жолдардың тендерін тек шетел компаниялары ұтып алады. Мұндай жобаларға қолынан іс келетін, тиісті техникамен жабдықталған өз кәсіпорындарымызды тарту керек, – деді Қ.Тоқаев.

Және олар жұмысты жарытып жатса, бір сірә. Еліміз үшін айрықша маңызды «Астана – Балқаш – Алматы» тасжолы әлі күнге жөнделіп біткен жоқ. Құрылысы сонау 2017 жылдан бері жүріп жатыр. Республикалық маңызы бар «Атырау – Астрахань», «Ақтөбе – Қандыағаш», «Талдықорған – Өскемен» жолдарының жөнделіп жатқанына 5 жылдан асты. Мемлекет басшысы Үкіметке осы жұмыстарды 2024 жылы біржолға аяқтауға тапсырма берді.

Алысқа бармай-ақ астаналық облыс – Ақмола өңірінде республикалық маңызы бар «Ресей шекарасы (Екатеринбург) – Алматы» автомобиль жолының учаскесін күрделі жөндеу жобасы 2021 жылы басталып, сол бойы тасталған. Енді Үкімет оны аяқтауға қаражат жоқ деп отыр.

Жол учаскесінің ұзындығы 58 шақырымды құрайды. Оны күрделі жөндеудің бастапқы сметалық құны 13,2 миллиард теңге болған. Әйткенмен, оған республикалық бюджеттен 2021 жылы – 634 миллион, 2022 жылы – 975 млн теңге ғана бөлініпті. Берілген қаржыны толық игерген мердігер қаржыландыру болмаған соң жұмыстарды тоқтатты. 2023 жылы сметалық құжаттамасына түзету жүргізіліп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Қол қойылған қосымша келісімде көрсетілгендей, жобаның түзетілген құны 21,9 миллиард теңгеге дейін шарықтап кеткен.

Сапалы және заманауи автожолдар ел үшін стратегиялық, орасан маңызға ие. Ол елдің экспортын арттыруға серпін береді.

және реконструкция жобаларының көбі солардың қарыз қаражатына жүзеге асырылады. Бұл ретте әлеуетті жеткізушілерге қойылатын біліктілік талаптарын аталған қаржы ұйымдары төл ережелері бойынша өзі белгілейді. Нәтижесінде, бүгінде республикалық маңыздағы жолдарда шамамен 30 мердігер ұйым жұмыс істеп жатса, соның ішінде тек 13 компания ғана отандық, – деді бірінші вице-премьер.

Роман Скляр Президенттің тапсырмасын орындау аясында Көлік министрлігі халықаралық қаржы ұйымдары (ХҚҰ) қаржыландыратын жобаларға отандық компаниялардың қатысу үлесін арттыру бойынша іс-шараларды қолға алғанын жеткізді.

Ол қандай шаралар? Көлік министрлігі біріншіден, жол құрылысымен айналысатын қазақстандық компаниялардың өкілдерін жиып, арнайы кездесу өткізіпті. Оның барысында салалық қауымдастық мамандарының қолдауымен конкурстарға қатысу шарттарын түсіндірген.

Экономикаға инвестициялардың тартылуына септеседі. Үлкен жол бойындағы елді мекендер мен территорияларды өркендетіп, әлеуетін толыққанды жүзеге асыруға ықпал етеді. Жол құрылысы бүкіл ұлттық экономиканың драйвері саналады. Қазақстан бұрынғы экономикалық дағдарыстардың тұйығынан көбіне жол салу және онда мыңдаған жаңа жұмыс орнын құру арқылы шығып келді.

Сарапшылардың байламынша, қазір жағдай өзгерген. Жол құрылысы жобаларына отандық компаниялар жіберілмейтін тәжірибе белең алған көрінеді.

Сенатор Талғат Жүнісовтің айтуынша, шетелдік салушылар демпинг жасап, қазақстандық қарсыласын жығып кетеді.

«Бұл мәселе депутат әріптестерім тарапынан бірнеше рет көтерілді. Жатжұрттық мердігерлер көбіне битум, асфальт, асфальтты бетон, қиыршық тас, басқа да материалдарға бағаны қасақана төмендетіп белгілеп, тендерге қатысады. Салдарынан бұл жағдайда терезесі тең бәсекелесе алмайсың, одан арзан материал таппасын біліп, отандық компаниялар конкурстка қатысудан бірден бас тартады. Немесе амалсыз одан да төмен баға ұсынуға мәжбүр болады. Мұнысы жол сапасына теріс әсер етеді, жол құрылысы мерзімінде бітпейді. Салалық және мүдделі ведомстволар бірге отырып, алқа құрып, осы тығырықтан шығар жолды тапқаны жөн», – деді Сенат депутаты.

ОТАНДЫҚ КОМПАНИЯЛАР ШЕТҚАҚПАЙ ҚАЛДЫ

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр еліміздегі автомобиль жолдары жобасын жүзеге асыруға отандық компаниялардың неге тартыла бермейтінін басты бір себебін атады. Бюджет қаражаты жетпегендіктен, ірі жобаларға негізінен халықаралық қаржы ұйымдарынан қарыз тартылады. Олар заем бере отырып, «оның қайтарымын қамтамасыз ету үшін» деген сылтаумен қосымша талаптар қояды. Ол талабы жобаны орындауға шетелдік компанияны жұмылдыруға түрткі болады екен.

– Республикалық жолдар желісінің жобаларына салынатын қаражаттың негізгі бөлігі – халықаралық қаржы институттарынан алынады. Яғни, жол құрылысы

Екіншіден, халықаралық банктермен келіссөздер жүргізіліп жатыр. Оның аясында министрлік ХҚҰ-лардан отандық компаниялар үшін біліктілік талаптарын төмендетуді сұраған. ХҚҰ-лар өтінішті қанағаттандыра қойған жоқ, бірақ Қазақстан тарапының сұрауын ескеріп, квалификация бойынша талаптарын қайта қарау үшін сарапшы-консультанттарын жіберген.

Үшіншіден, ірі жобаларды жергілікті бір компания енсері алмайтындықтан, әрі заманауи техникасы жетпейтіндіктен, екі және одан көп компанияны біріктіріп, консорциумдар құру мәселесі пысықталады. Сонда ғана жергілікті компаниялар талаптарға сәйкес келіп, шетелдік мердігерлермен теңесе алуы мүмкін. Осы мақсатта роуд-шоулар жүргізілмек.

Төртіншіден, шетелдік компанияларға Қазақстан да төл талабын қоюға ниетті: оларды қосалқы мердігер ретінде жергілікті компанияны тартуға міндеттейді.

Бесіншіден, мемлекеттік Қазақстанның даму банкі мен одақтың Еуразиялық даму банкі қаражатына жүзеге асырылып жатқан «орташа жөндеу» жобаларына қазақстандық компаниялар көбірек қатысуы тиіс. Нәтижесінде, 5 мың шақырым жолды жөндеу арқылы жергілікті компаниялар әл-ауқат жиып, қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді және болашақта ХҚИ-лар қарызына салынатын ірі жобаларға қатысуға күш-қуат жинайды.

Үкіметтің дерегіне, Президент тапсырған 12 мың шақырым автокөлік жолдарын жанадан төсеу немесе жөндеу үшін шамамен 1 триллион теңге қаражат шығындалады. Оның бір бөлігі бюджеттен бөлінеді, үлкен бөлігі шетелден қарыз түрінде тартылады.

Бұл жақсы және қанағаттанарлық деңгейдегі республикалық жолдардың үлесін 93%-ға дейін жеткізуге тиіс. Осы қыруар қаражат жатжұрттық мердігерлермен бірге шетел аспай, негізінен ел ішінде қалса, қаншама бизнесменді байытып, оның жұмысшыларының әл-ауқатын көтерер еді. Қазақстандық өнімдер мен материалдар сатып алынса, жапсарлас салалар дамитын еді. Мұның бәрі жаңа Үкіметтің пәрмен мен дәрмен танытып, тиімді қимылдауына тәуелді болып тұр.

Мемлекеттік ұйымдарды басқару қағидатында сенімгерлік басқару түсінігі бар. Мемлекет кейде белгілі бір мемлекеттік басқарудағы ұйымдарды жеке кәсіпкерлерге уақытша береді. Кейде сатып алу құқығымен береді, ал кейде уақытша басқаруға ғана береді. Жалпы, сенімгерлік басқаруға берудегі мақсат – мемлекетке түсетін шығынды азайту. Яғни, кәсіпкер өзі басқаруға алған мекеменің шығынын өзі көтеріп, халыққа тиімді жағдай жасауы тиіс. Алайда бұл қағида көп жағдайда жұмыс істей бермейді. Мұны Батыс Қазақстан облысы Тексеру комиссиясының өкілдері айтып отыр. БҚО бойынша сенімгерлік басқаруға берілген нысандарға жүргізілген тексеріс нәтижесі көңіл көңшітпейді.

Мәселен, Орал қаласындағы №4 емхана 2017 жылы сенімгерлік басқаруға берілген. Мемлекеттік мекемені 2017 жылы сенімгерлік басқаруға алған «Айгелов Марат Абаевич» жеке кәсіпкерлігі жетекшісінің ешқандай медициналық білімі жоқ екендігі анықталыпты. Бірақ кезінде 2017 жылы осы емхананы сенімгерлік басқаруға алатын кәсіпкердің жоғары медициналық білімі болуы керек және осы салада тәжірибесі бар адам болуы керек деген талап болған. Бірақ жеме-жемге келгенде БҚО Денсаулық сақтау басқармасы бұл талаптарға өздері көз жұмып, медициналық білімі жоқ, бұл салада қызмет атқармаған «Айгелов Марат Абаевич» жеке кәсіпкерлігіне емхананы сенімгерлік басқаруға беріп жіберген. Келісімшарт 2017-2024 жылдың тамызына дейін деп жасалған. Жоғарыдағы кемшілікті облыстық тексеру комиссиясы анықтаған. Комиссия анықтап отырған бұл жалғыз олқылық емес.

– Біріншіден, сенімгерлік басқаруға берілетін кәсіпкерге қойылатын талаптар нақты емес. Мәселен, ол 7 жылда қанша инвестиция құю керек, нақты қандай жұмыстар жасауға міндеттелді деген секілді талаптар бұлыңғыр, екіұшты көрсетілген. Тараптардың келісімшартында нақтылық жоқ. Мәселен, электронды саудаға түскен №4 емхананы алайық. Басында облыстық Денсаулық сақтау басқармасы жоғары білімді медициналық білімі бар адамға береміз деп хабарлайды. Бірақ тендер қорытындысында ешқандай медициналық білімі жоқ кәсіпкерге емхананы беріп отыр. Емхананы сенімгерлік басқаруға алған азамат кейін сол емхананың бұрынғы директорын қайтадан басшылық қызметке қоя салған. Біз осы емханаға жүргізілген тексеріс нәтижесінде емхананы сенімгерлік басқаруға алған кәсіпкердің өзіне 114,7 млн теңге сыйақы тағайындағанын анықтадық.



СЕНІМГЕРЛІККЕ АЛЫП, СЕНІМДІ АҚТАМАДЫ

Осыны ескере отырып, емхананы одан да мемлекет басқаруында қалдырған дұрыс еді, – дейді БҚО Тексеру комиссиясының мүшесі Қайрат Жапақов.

БҚО Тексеру комиссиясының мүшесі Қайрат Жапақовтың айтуынша, емхананы сенімгерлік басқаруға бермеген жағдайда осы 114,7 млн теңге біреудің қалтасына кетпейтін еді.

– Бұл ақшаны емхананың техникалық базасын жақсартуға жұмсауға болатын еді, – дейді БҚО Тексеру комиссиясының мүшесі Қайрат Жапақов.

Орал қаласындағы №4 емхана сенімгерлік басқаруға 2017 жылы 7 жылға беріліпті. Сенімгерлік басқарудың мерзімі осы жылдың тамыз айында аяқталуы тиіс. Естеріңізге сала кетейік, 2017 жылы БҚО Денсаулық сақтау басқармасын Қанат Төсекбаев басқарып тұрған кездер еді.

Жалпы, Тексеру комиссиясы сенімгерлік басқарудың басқа да талаптары орындалмай отырғанын айтады. Ең өкініштісі, тараптардың келісімшарт жасау сәттері өте бұлыңғыр дейді. Мәселен, осы емхананы кәсіпкерге берерде келісімшартта алғашқы үш жылда емханаға қажетті медициналық құралдар алынуы тиіс деп көрсетіліпті.

Қайрат Жапақовтың айтуынша, келісімшартта нақты қандай медициналық аппарат алынуы керектігі, оны қай ақшаға алу қажеттігі көрсетілмеген. Мәселен, кә-

сіпкер медициналық құрылғыны сенімгерлік басқарудағы өз бюджетіне алуы тиіс пе әлде ол үшін мемлекеттің бюджеті жұмсалыуы тиіс пе – осы тұстары нақты көрсетілмеген.

Айналып келгенде, тексеріс кезінде емхананы сенімгерлік басқаруға алған азамат 2017 жылы бюджет есебінен алынған қымбат медициналық құрылғыны комиссияға көрсетіп құтылған.

– Тексеріс кезінде емхананы сенімгерлік басқаруға алған азаматтың тұтынушыларға қажетті жағдайды да жасамағаны анықталды. Мәселен, 2020 жылдан бері дәлізде емханаға келушілерге арналған ауызсу қойылмаған. Ал емхана қызмет-

сатып алу құқығымен жекеге берілген. Сенімгерлік басқаруға берілген 19 мекеменің жасалған келісімшарттар уақытынан бұрын тоқтатылған. Мемлекеттік мекемені сенімгерлік басқаруға алған кәсіпкер қаржылық қиындықтарға байланысты мемлекет қойған талаптарды орындай алмауы себепті келісімдер бұзылған.

Орал қаласындағы Шапағат мекемесін алайық. Бұл мекемені сенімгерлік басқаруға бергенде облыстық білім басқармасы кәсіпкер ол жерге мектеп тұрғызуы керек деген келісімшартпен берген. Электронды сауда нәтижесіне сәйкес, Шапағат мекемесін «РФМШ №31» ЖШС 2021 жылы сенімгерлік басқаруға алады.

Келісімшартқа сәйкес кәсіпкер бұл мекемені жалпы білім беретін мектепке ыңғайлауы тиіс болған. Бұдан бөлек,

кәсіпкер осы алаңда футбол, волейбол, баскетбол ойнайтын сапалы, заманауи алаңдар салуы тиіс екен.

– Бұл жерде де келісімшарт өте бұлыңғыр. Кәсіпкер мұны қай кезде жасауы тиіс, футбол алаңы нақты қандай болуы керек, жарық түсіретін орындар қарастырыла ма, қанша адам футбол ойнайтын алаң болуы тиіс – мұның бірі де көрсетілмей отыр. Сондықтан да біз комиссия жасалған жұмысқа нақты баға бере алмай отырмыз. Ең қызығы, осы екі қабатты ғимаратты «РФМШ №31» ЖШС қаладағы №23 мектепке жалға беріп қойған. Қазір ол жерде сол мектептің бастауыш сынып оқушылары оқиды. Ал жалға алу ақысын кәсіпкерге төлейді. Сонда былай қарасаңыз, БҚО Білім басқармасы алдымен мекемені сенімгерлік басқаруға кәсіпкерге береді. Кейін сол мекемені Орал қалалық білім бөлімі №23 мектептің балаларын оқыту үшін жалға алады. Мекемені жалға алу құны – 64,5 млн теңге. Енді қараңыз, мемлекет өз мекемесін өзі жеке кәсіпкерден 64 млнға жалға алып отыр. Осынша ақшаны кәсіпкерге төлеп оны жалға алғанда, сол мекемені сенімгерлік басқаруға бермей, мемлекет меншігінде қалдырып, сол ғимаратта балаларды оқыта берсе болмай



Жалпы, облыста 2016-2023 жылдары 49 мекеме сенімгерлік басқаруға беріліпті. Мұның ішінде 14 мекеме кейін сатып алу құқығымен жекеге берілген. Сенімгерлік басқаруға берілген 19 мекеменің жасалған келісімшарттар уақытынан бұрын тоқтатылған.



керлері мен келушілерге арналған буфет 2021 жылдан бері жұмыс істемейді. Сонымен қатар аталған жеке кәсіпкер емхана алаңына балалар алаңын және Wi-Fi орнату туралы келісімшартта көрсетілген қызметтерді орындамаған. Ең қиыны, осы келісімшарттардың орындалуын бақылауы тиіс мекемелердің өздері осыған жүрдімбардым қарап отыр, – деп атап өтті БҚО Тексеру комиссиясының мүшесі Қайрат Жапақов.

Тексеру комиссиясы өкілдерінің сөзінше, мұндай былықтар білім беру саласындағы, спорттағы сенімгерлік басқаруға берілген нысандарда да кездеседі. Атап айтсақ, Орал қаласындағы Шапағат мекемесі, БҚО индустриалдық колледжі және Жана технологиялар және сервис колледждерін сенімгерлік басқаруға алғандар қажетті талаптарды орындамай отырған көрінеді. Сөз реті келгенде айта кетейік, жалпы облыста 2016-2023 жылдары 49 мекеме сенімгерлік басқаруға беріліпті. Мұның ішінде 14 мекеме кейін

ма?! – деген ойын айтты облыстық Тексеру комиссиясының мүшесі Қайрат Жапақов.

Облыстық Тексеру комиссиясының өкілдері сенімгерлік басқаруға берілген барлық мекемелерде осындай китүрқы саясаттың көп екендігін айтады. Тіпті, екіжақты көрсетілген келісімшарттарға көз жұмып отырған кәсіпкерлер де бар деседі. Бүгінде тексеру комиссиясы барлық тексеріс жұмыстарын аяқтапты. Шығарылған қорытынды облыстық Прокуратураға жолданған. Енді шешімді арнайы мемлекеттік мекемелер шығарады.

Облыстық Тексеру комиссиясы 50 шақты мекемені тексеріп шыққан. Оның бәрін тізіп жазып отыру мүмкін емес. Біз тек бір-екеуіне тоқталдық. Өкінішке қарай, мекемені сенімгерлік басқаруға алған кәсіпкерлер сенімді ақтауға асығар емес, керісінше, өз қалтасын қампайтуды көздейтіндей көрінді.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы



Ортағасырлық жауһарлардың бірі Махмұт Қашқари еңбектері – құнды дерекке толы қымбат қазына. Ойшылдың «Түркі тілдерінің жинағы» («Диуани лұғат ат-түрік») атты іргелі шығармасы – тек түрікше-арабша түсіндірме сөздік емес, түркі тілдерін зерттеуде теңдесі жоқ ғылыми еңбек.

Бұл сөздікте автор халық ауыз әдебиеті үлгілерін, аңыз-ертегілер, мақал-мәтелдер, канатты сөздер және халық фольклорын өте орынды пайдалана білген. Автордың бұл шығармасы мазмұны жағынан сол дәуірдегі түркілердің қоғамдық өмірі мен рухани дүниесінің, ой-танымының сан алуан өзіндік сипатын әржақты камтитын материалдарды бес салаға бөліп қарастырған:

1. Белгілі бір тайпаға тән дәл көрсетілген сөздер қоры (лексикасы);
2. Түркі тайпаларының мекен қоныстары жайындағы мәліметтер;
3. Түркі тілдерін топтастыру;
4. Түркілік тарихи фонетика мен грамматика туралы мәліметтер;
5. Түріктердің тарихи географиясы, этнографиясы, поэзиясы және фольклоры жайындағы мәліметтер.

Андрей Кононов М. Қашқари еңбегінің өзіндік ерекшеліктерін айта келіп былай деп жазады: «Мұнда XI ғасырдағы түріктердің өмірі туралы, олардың материалдық мәдениетінің бұйымдары, тұрмыс жайлары туралы, этнонимдері мен топонимдері, рутайпалары туралы, туыстық және жекжаттық терминдері жайлы, түркі қызмет адамдарының титулдары мен аттары, тағам-сусындардың аттары туралы, үй жануарлары мен жабайы жануарлар және құстар, мал шаруашылығына қатысты терминдер,



түлік мал туралы, ерте замандағы адамдардың дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, тотемдік түсініктерін танып білеміз. Ежелгі түркілердің наным-сенімінен туған бәдік, бақсылар сарыны, бата-тілек, бесік жыры, тойбастар, жар-жар, сынсу, жоқтау, естірту және т.б. жырлар қазақ фольклорынан да кең орын алған. Қазаққа ауыр қайғылы хабарды естірту көбіне тұспалдап, жұмбақтап айтылатын болған. «Диуани лұғат ат-түрік» тұрмыс-салт жырларының барлық түрлеріне бай болды. Мәселен, қазақтың жоқтау өлеңдерінде жау оғынан өлген батырларды тірі кезіндегі жасаған ерліктері, еліне жасаған жаналықтары, батырлығы, ақылдығы жырланады. М. Қашқаридың сөздеріндегі осындай жоқтау өлеңдердің бірі – Алып Ер Тұлға өлгенде айтылған жоқтау:

*«Алб Эр Тұлға өлдімү,
Әсіз атуң қалдімү,
Ұзақ өгін алдімү,
Әмді йурақ йіртілур.*

*Алып Ер Тұлға өлді ме?
Мына дүние одан құтылды ма?
Замана одан өшін алды ма?*

ТҮТЕЛ ТҮРКІГЕ ОРТАҚ ҚАЗЫНА

М. Қашқаридың бұл кітабында түркі сөздерінің қоры өте көп. Мысалы, ол арнайы тәртіппен 6 800 түркі сөзін топтастырып (100 жер-су атына, 40 ел мен тайпаға) араб тілінде анықтама түсінік берген. Кітапқа інжу-маржан және екі және төрт жылдық 242 шумақ бәйіт пен

*«Білімдінің қасына бар күнде,
балам, ерінбей,
Төмен тұрып үйрен
толық тәкаппар боп көрінбей»;*

*«Махаббаттың мейіріне нәзік жанын иеді,
Оның ыстық теңізіне денең балқып күйеді»;*

«Білім деген мәуелі ағаш өз жемісін береді»;

*«Ұлым, саған әдепті
мирас етіп қалдырамын,
Жағалаған, жайқалған білімдінің
бал құрағын».*

Қашқаридың қайсыбір бәйіттерін алсаңыз да үлкен философиялық, этикалық ой-тұжырым, парасат, табиғат көріністерін, білімділікті негізгі арқау етіп алған. Мұнда ауыз әдебиетінің үлгілері – табиғат көріністерін бейнелейтін пейзаж лирикасы мен жыл маусымының қауышуына арналған өлең-жырлары көптеп кездеседі. Мысалы, біздер оның аңшылық жайындағы өлеңдерін оқи отырып, алғашқы қауым адамдарының еңбек жөніндегі көзқарасын, ой-пікірлерін, сана-сезімін, сол кездегі аңшылық дәрежесін байқаймыз. Ерлік жырларында жүрек жұтқан батырлықты, қаһармандықты ерекше бағалап жырға қосқан:

*«Қаһарланып атылдым,
Арыстандай ақырдым.
Батырын жерге батырдым,
Енді мені кім ұстар.
Есінен дұшпан ауысты,
Басар жолын тауысты.
Ажалменен қауышты,
Сөзге ауызы келместен»,* – деп мұнда

батырдың күш-қуаты, соғыс өнеріне жетік екені, ерлігі, қан майдандағы шайқас көріністері жырланады. Сөйтіп, адамдарды, жастарды өз елін, жерін қорғауға, батыр болып өсуге шақырады. Мұнда үлкен патриотизм, туған елге деген сүйіспеншілік, достық пен махаббат, асқан ерлік көріністері басым көрсетіледі.

«Диуани лұғат ат-түрікте» М. Қашқари тұрмыс-салт жырлары, түркі халықтарының фольклоры жанрларының ең көне түрлері жиі кездеседі. Мұнда көпшілікке тән төрт

Бүгін ел-жұртында оған жан-жүректерімен қайғырып жатыр, – деп оны қазаға қимайтынын білдіреді. Бірақ тағдыр дәлдеп оқ атса, одан ешкімнің құтыла алмайтынын айтып тағдырға мойынсынады.

Біз жоғарыда айтқанымыздай, М. Қашқаридың сөздігінде мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Бұл мақал-мәтелдердің философиялық дүниетанымдық мәні өте жоғары. Осы мақал-мәтелдердің біразын атап көрсетейік:

*«Ім білсе, әр өлмес» –
«ІМ білсе, ер өлмес».*

*«Өд кечер, кіші тоймас, Иалықұқ оғлы
мәңгу қалмас» – «Заман өтер, кісі тоймас,
Адам баласы мәңгі қалмас».*

*«Ашық айур: «Тубум алтын», Камыч айур:
«Мен қайдамән» – «Қазан айтар: «Түбім
алтын», Шөміш айтар: «Мен қайданмын?!».
(Бұл мақал өзін танитын адамдардың
алдында бөсе беретін мақтаншақ кісілерге
бағыштап айтылған).*

*«Кіші әті тірігідә татыр» – «Адамның
қадірі тіршілігінде».*

Бұл мақал-мәтелдерді түйіндей келе айтарымыз – біздің заманымыздан біраз уақыт бұрын айтылса да, бұл айтылған ойлардың күні бүгінге дейін өз мағынасын жоғалтпағанын көріп отырмыз. Махмұт Қашқаридың қалдырған бұл рухани мұраларының кейінгі ұрпақ үшін баға жетпес асыл қазына екеніне үлкен мән бере отырып, барлық түркі халқына ортақ энциклопедиялық тұрғыда жазылған аса құнды материалдың бірі деп танып білеміз.

Жақыпбек АЛТАЕВ,
*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ
Философия кафедрасының профессоры,*

Қанат АЛТЫНБЕК,
*ҚР Ұлттық кітапханасы
ғылыми-әдістемелік бөлімінің
қызметкері*



өсімдіктер мен дәнді дақылдар туралы, астрономиялық терминдер, халықтық күнтізбе, айлардың және аптадағы күндердің аттары туралы, географиялық терминология мен номенклатура туралы, қалалар туралы, әскери қару-жарақ пен музыкалық аспаптар, әкімшілік терминология, түрлі мифтік және қаһармандық есімдер туралы, діни және этникалық терминология бабалардың ойындары мен ермектері және тағы басқалар туралы көп жағдайда бірден-бір дәйектеме болып табылады.

Осыдан келіп біз М. Қашқаридың бұл еңбегін үлкен энциклопедиялық шығарма екеніне және онда аса бағалы да құнды деректердің берілгеніне куә боламыз.

Сөздікте 29 тайпаның аты аталады. М. Қашқаридың картасы бойынша олар мекендік жайларының ыңғайына байланысты Румнан бастап Шығысқа қарай; ең алдымен беченек, одан соң кыфчак, оғуз, йемек, башғырт басмыл, қай, йабаку, татар, хырқыздар, т.б. орналасқан; ары қарай чичель, тухси, йоғма, учрак, чарук, чомыл, ұйғұр, тангут, хитай, тавчачтар орналасқан болып шығады.

262 мақал-мәтелді мысал ретінде пайдаланған. Бір ғажабы, шығармаға енген 875 сөз бен 60 мақал-мәтел қазіргі қазақ тілінде қаз-қалпында қолданылып келеді екен. Мәселен, «Кіші аласы ічтің, Иылкы аласы таштың» – «Адам аласы ішінде, Жылкы аласы сыртыңда» немесе «Уры қобса, оғуш алқышұр, Яғы кәлсә ірәм тәбрәшұр» – «Жанжал шықса, ағайын ақылдасар, Жау келсе, ел тебіренер»; «Ула болса йол азмас, Білік болса сөз йазмәс» – «Белгі болса, жолдан жаңылмас, Білімді болса, сөзден жаңылмас».

Махмұд Қашқари адамдарды өнер-білімге, әдептілікке шақырып, адамгершілік, мораль, этика, ұйымшылдық мәселелерін сөз етеді. Оның түркі халықтарының бәйіттерінде табиғат сұлулығы, махаббат, көркемдік, үлкен парасаттылық, білім, батырлық суреттеледі. Мысалы: «Құрметте білімдінің сөзін тыңда, жігітім, Үйреніп парасатын, ақта әділ үмітін»;

*«Өмірді білмесең – білімің жоғалар,
Талғамды қаианда бір сөзді доғарар»;*

ЗИЯНДЫ ПЕСТИЦИДТЕРГЕ ДЕ СУБСИДИЯ БЕРІЛЕДІ



Астанада Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) қолдауымен Тұрақты дамуға жәрдем көрсету орталығы «Тұрақты органикалық ластаушы заттар мен пестицидтер: олардың денсаулық пен қоршаған ортаға қауіпі және басқару шаралары» тақырыбында тренинг өткізді.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

«Алдымен тұрақты ластаушы мен пестицидтер деген не және олардың денсаулыққа зияны қандай?» деген сұрақтарға жауап іздеп көрелік. Табиғатты тұрақты ластаушы заттарға қарапайым дүстент бастап, зиянкестерден қорғауға арналған пестицидтер деп аталатын химиялық қосылыстардың көптеген түрін жатқызуға болады. Пестицидтер көбіне зиянкестерден қорғану үшін қолданылғанымен, мөлшерден асып кетсе,

адам денсаулығына және топыраққа зияны көп.

Алайда көптеген ел улы заттарды, оның ішінде тұрақты органикалық ластаушыларды (ТОЛ) және ескірген пестицидтерді қауіпсіз пайдаланудың ережелерін сақтай бермейді. Ауыл шаруашылығында, егін шаруашылығында және мал шаруашылығында оларды қолдану адам денсаулығына қаншалықты зиян екенінен де хабарсыз адамдар бар.

Қазақстандағы FAO жобасының ұлттық менеджері Салтанат Баешованың айтуынша, тренингтің мақсаты – халықты тұрақты

органикалық ластанудан болатын қауіптер туралы ақпараттандыру, денсаулық пен қоршаған ортаға зияны және оларды қолдану шараларын талқылау. Бұл платформа химиялық қауіпсіздік саласындағы сарапшыларды, соның ішінде мемлекеттік қызметкерлерді, үкіметтік емес ұйымдарды, ғылыми ортаны бір мақсатқа жұмылдыруды көздейді. Тренинг барысында пестицидтерге арналған контейнерлерді қайта өңдеу және осыған байланысты FAO мен Қазақстанның бірлескен жобасын жүзеге асыру мәселесі де талқыланды.

– Жобаға қатысушы елдерде, соның ішінде Қазақстанда тіркеу кезінде көптеген факторға назар аударамыз. Елде пайдаланылған және тіпті, субсидияланған пестицидтер тізімінде аса қауіпті пестицидтер бар екені анықталған.

Оларды пайдалану ұлттық заңнамамен реттеледі, бірақ дамыған елдерде ескерілген көптеген критерий назардан тыс қалып отыр. FAO-ның далалық сынақтары қазақстандық фермерлер зиянкестермен күресудің қымбат емес баламалы биологиялық әдістерін қолдану арқылы пестицидтерді қолдануды 60-70%-ға дейін азайта алатынын көрсетті, – деді Салтанат Баешова.

Халықаралық сарапшылардың айтуынша, әлемде көптеген ауылшаруашылық аймақтарының топырағы адам денсаулығына және бүкіл экожүйеге қауіп төндіретін тұрақты органикалық ластаушы заттар (ТОЛ) және ауыр металдармен ластанған. Әлемде пестицидтерден 385 миллион улану және 15 мың адам өлімі тіркелген.

Қазақстанда пестицидтерді дұрыс қолданбау (мысалы, үй-жайларды залалсыздандыру, жер учаскелерін өңдеу және т.б.) салдарынан адамдардың, соның ішінде балалардың өлімі жиі кездеседі. Мәселен, пестицидтерге арналған контейнерлерді кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді бақылау механизмдерінің жоқтығынан адам денсаулығы мен жануарлар дүниесіне үлкен қауіп төніп тұр.

Тұрақты дамуға жәрдемдесу орталығының Қалдықтар және химиялық қауіпсіздік департаментінің директоры Юлия Лобунцова

өз баяндамасында Қазақстан ЕО елдері бас тартқан аса қауіпті пестицидтің 22 түрін импорттауды және субсидиялауды жалғастырып жатқанын айтты. Ғылыми деректерге сүйенсек, бұл заттар кәтерлі ісік пен генетикалық өзгерістер туғызып, адамның эндокриндік және ұрпақты жалғастыру жүйесінің жұмысын бұзады.

– Біздің ойымызша, біз Қазақстан нарығын аса қауіпті заттардың импортынан қалай қорғау керектігін ойлауымыз керек. Талдау көрсеткендей, аса қауіптілер тізіміне енгізілген пестицидтер Қазақстанда қолжетімді және оларды базарлар мен интернет-дүкендерден оңай сатып алуға болады. Мысалы, қазақстандықтар жәндіктерге арналған әйгілі дуст (шан) немесе астық және бұршақ дақылдарын өңдеу арналған препараттардың бөлігі болып табылатын алюминий фосфидін төсек қандасынан құтылу үшін сатып алады. Халық өздерінің қауіпсіздігін сақтау шараларын біле бермейді, – дейді Юлия Лобунцова.

Жиын қорытындысында пестицидтерді тіркеу, өткізу, сақтау, кәдеге жарату және нарықтағы айналымға бақылауды күшейту үшін заңнамалық өзгерістер енгізу, тыйым салынған химиялық заттардың тізімін жасау, олардан болатын жазатайым оқиғалардың мәліметтер базасын жасау ұсынылды.



28 ЖЫЛДАН KEЙІНГІ KEЗДЕСУ

Атыраудағы ерекше жағдай көпті жылатты. 20 күн, 20 ай емес, бақандай 28 жыл бойы баласын іздеген ана ұлымен кездесті. Бір ғажабы, қарт ана арада қанша жыл уақыт өтсе де ұлының аман-есен оралатынынан үміт үзбеген.

Араға сонша жыл салып анасымен қауышқан Бейбіт Қозыбаев – Атырау облысына қарасты Қызылқоға ауданының тұрғыны. Ол 1996 жылы күзде әскерге кетіп, қайта оралмаған. Қызылқоға ауданына қарасты Жасқайрат ауылының 1977 жылы туған тұрғынынан 28 жыл бойы ешқандай хат-хабар болмаған.

Қызылқоға ауданының жергілікті тұрғыны, қорғаныс саласының ардагері Есенбай Нұровтың айтуынша, Бейбіт Қозыбаевтың табылуына кәдімгі Тік-Ток желісі себепкер болған. Бейбіттен үмітін үзген сыныптастары оның суретін желіге жүктеген. Өзінің жас күніндегі суретін көрген Бейбіт осылайша сыныптастарына байланысқа шыққан. Қуанышты жаңалықты естіген бойда сағыныштан шерменде болған Маржан ана Алматы облысына жол тартып кетті. Өкінішке қарай,



Бейбіт Қозыбаев осынша уақыт бойы туған анасынан жырақта жүруіне қандай жағдайлар себеп болғанын ашып айта алмайтынын айтты.

Анасымен амандықта қауышқан ерекше тағдыр иесі Бейбіт Қозыбаев қырғыз қызымен шаңырақ көтерген. Төрт баланың әкесі. Тағдырдың сынағына тап болған Бейбіттің бір әкеден тараған бауырлары да бар. 28 жыл бойына бір-бірінен жырақта жүрген ана мен бала, бауырлары қазір жамырса көрісіп, мәре-сәре күйі кешіп жатыр.

Өкінішке қарай, жыл сайын елімізде 500-ге дейін адам хабар-

ошарсыз кетеді. Әлемде жыл сайын дерлік бірнеше миллион адам жоғалып кетеді. Ерте ме, кеш пе, жоғалған адамдардың 80%-ы туралы деректер анықталып жатады, яғни олардың өлі немесе тірі екені белгілі болады. Ал жоғалғандардың 20%-ы хабарсыз кетеді екен.

Осындай ерекше тағдыр иесінің бірі атыраулық Әнел (өтінішімен есімі өзгертілді – авт). 16 жасында ата-анасы көз жазып қалған Әнел араға 19 жыл салып, туған елге 35 жасында оралған болатын.

19 жыл бойына жат жерде құжатсыз күн көрген қазақ қызы

басынан өткен қилы тағдыры туралы айтып берді.

«2000 жылдар отбасымыз үшін қиындау кезең болды. Әлеуметтік жағдайымыз аса бір керемет емес еді. Қазір ойланyp отырсам, ол кезде көп отбасы қиналған сияқты. Мен сол кезде пойызда тамақ сатып жүрдім. Бір стансадан отырып, екінші стансаға дейін сүт, тәтті сусындар, тәтті бөлкелер сияқты тамақтарды сататынмын. Сөйтіп, нәпақа тауып жүргенімде Душанбеге дейін апаратын пойызда бір тәжік жігітпен таныстым. Жап-жаспын ғой. Әлгі жігіттің мені «ұнатып қалдым» дегеніне сеніп, онымен бірге қол ұстасып, Душанбеден бір-ақ шықтым. Екеуміз бірге тұрдық. Ол маған үйленгісі келетінін айтты. Бірақ ата-анасы рұқсат бермеді. Тәжіктерде ол жағынан ата дәстүрлері қатал екен. Жігіттеріне басқа ұлттың қызын алғызбады», – деді ол.

Жат жерде жүріп тағдырдың талай теперішін көрген Әнел Қазақстаннан кетерде жеке басын қуәландыратын құжатын да алып үлгермеген болатын. Қазақстанға кері қайтқысы келгенімен, оралудың амалын таба алмаған.

«Түрлі жағдайды бастан өткердім. Дәмханаларда даяшы болып жұмыс істедім. Бара-бара қазақ тілін де ұмыта бастадым. Тіпті,

елге ораламын деген үмітім біржола сөнді», – деді ол. Әселдің елге оралуы кездейсоқ жағдайдың тосынсыы десек те болады.

Әдеттегідей даяшы болып жүргенінде қазақстандық азамат Әнел жұмыс істейтін дәмханаға тамақтануға келеді. Ол атыраулық кәсіпкер Нұрқасым Хамзаұлы еді. Әнел сөйлесе келе оның қазақстандық екенін және елге қайтқысы келетінін естігеннен кейін кәсіпкер отандасымызға көмек қолын созған.

Кәсіпкер Нұрқасым Хамзаұлының өтінішімен іске сол кездегі сенатор Сәрсенбай Еңсегенов араласып, Сыртқы істер министрлігі, Тәжікстандағы Қазақстан елшілігіне шығып, кейіпкерімнің елге оралуына ықпал еткен.

«Туған еліме оралғанымға қуаныштымын. Әлі күнге дейін шүкіршілігімді айтып отырамын. Өкінішке қарай, әкем Табылған менің із-түзсіз жоғалғанымға құса болып, өмірден өтіп кетті. Әкемді көре алмадым. Қазір анамның қасындамын. Анамның ас-суын дайындап, қызмет қылып жүргеніме бақыттымын», – деді Әнел.

Елге оралып, еңбекке араласқан Әнел өзінің басынан өткен қилы тағдыры басқаларға сабақ болғанын қалайды.

Баян ЖАНҰЗАҚ

Қураған жас көшетті бір аптаға жуық уақыт ішінде бастапқы қалпына келтірсе, ауруға шалдыққан жануарды кеселден айықтырған отандық өнім туралы естіп пе едіңіз? Ауыл шаруашылығы саласындағы мамандар үшін егістіктен мол өнім алып, мал бағуда тиімді препаратқа айналған аграрлық биокоспада мөлшері 60 пайыздан жоғары фульво қышқылы кездеседі. Бір қызығы, ел аумағында ғана емес, шетелден сұраныс артқан отандық өнімнің негізін қалаушы — қазақ қызы. Әлемдік биотехнология саласына өзгеріс әкелген алматылық кәсіпкер Әсем Кенжебек ауыл шаруашылығында қолданатын өнімдерді ғана емес, онымен қоса, адам ағзасына арналған биокоспаларды қолданысқа енгізген. Ғылымдағы осынау айтулы жаңалықты естіген бойда кәсіпкердің өзімен кездесіп, отандық өнім, биотехнологияның дамуы мен қазір біз тұтынып отырған ет, сүт өнімдерінің сапасы туралы кеңінен әңгіме өрбіттік.

— Әсем ханым, сіз негізінен инвестициялық банкир әрі венчурлық инвесторсыз. Расында қаржы саласы мен биотехнологияның арасы бір-бірінен алыс. Бұл ретте бізде осынау бренд өнімнің авторы биотехнология саласына қалай бет бұрды деген сауал туындайды...

— Бұл кәсіпке келмес бұрын мен банкир ретінде банкте қызмет еттім. Кейінірек Гонконг қаласындағы әріптестермен бірлесе жұмыс істеп, сол жақтан Қазақстанға көп инвестиция алып келу керек деп шештім. Гонконг — Азиядағы ең үлкен қаржы орталығы саналады. Сонымен Гонконгтағы мамандармен жұмыс істеп жүрген уақытта тәжірибелі инвестициялық ортада жүрген банкирлермен кездестім. Мұнда әлемнің әр түрлі елдерінен, соның ішінде Жапония, Малайзия және тағы басқа мемлекеттен біршама жоба келіп жатады. Осыдан кейін мен инвесторлардан кәсіби маман ретінде Қазақстанда қандай салаға көңіл бөлу қажет екені жайлы пікірін сұрайтынмын. Біздің жеріміз өте бай, құнарлы болып келеді. Өз жерімізде мал ұстауға болады. Ал мал шаруашылығы — біздің ата кәсібіміз. Олар негізінен ата кәсіпті ұстап тұру қажет екенін, экономикамыздың ең үлкен драйвері — ата кәсіп екенін айтты. Дүниежүзі елдері тамақты бізден сатып алу қажет. Қазақстанның экспорттық әлеуеті не? Мұнайдан өзге тағы қандай әлеуетіміз бар? Ұзақ ойлана келе мұның барлығын түсініп, іске асыру үшін бұрыннан бар, бірақ қазір ұмытылған нәрсені ойлап табу керек деген шешімге келдім. Шет мемлекеттердің тәжірибесін өз көзімнен көріп, аналитика жасау арқылы түсінгенім — Қазақстанда биотехнология толыққанды дамымаған. Біз шетелде гуминді фульволық қышқылдың адамдарға, сондай-ақ зерттеу барысында оның өсімдік пен мал шаруашылығында қолданылатыны туралы ақпаратты білдік. Алайда бұл маңызды ақпарат жөнінде Қазақстанда көбі бейхабар. Қарап отырсаңыз, гуминді фульволық қышқылдардың барлығы елімізде бар, сондықтан неге өзіміз істеп көрмеске деген ой келді. Кейіннен өнімнің формуласын шығарғымыз келді. Базалық принциптерді білеміз, дегенмен химик-органик мамандардың көмегіне жүгіндік. Олар жарты жыл бойы сан түрлі формуланы істеп көрді. Ғалымдар жасаған көлемі 5 литр немесе 10 литр болатын биокоспаны алып, Алматы қаласының төңірегіндегі ауыл-ауылдарды аралап кететінмін. Себебі формуланың қалай жұмыс істейтінін, қандай нәтиже беретінін тексеремін. Кәсіп ашу алдында маман өнімнің расымен пайда алып келетініне көз жеткізіп алуға тиіс. Биотехнологияға келуіме алдымен идея әсер етсе, екіншіден, бұл салаға деген махаббат пен жанашырлық себеп болды деп ойлаймын.

— Бүгінде сіз негізін қалаған отандық AI Karal биокоспасының ауыл шаруашылығы үшін қандай маңызы бар? Бұл сүт пен ет өнімдерін пайдаланып отырған адам денсаулығына кері ықпалын тигізбей ме?

— Биокоспа адам денсаулығына ешқандай кері әсерін тигізбейді. Өйткені бұл — табиғи органикалық зат. Кейбір іс-шараларға барған уақытта адамдар «Өнім химия немесе гормон емес пе?» деп сұрап жатады. Сол кезде мен халықтың көзінше малға берілетін өнімді өзім ішіп көрсетемін. Осыдан кейін ғана фермерлердің көзі жетеді. Ірі қара мал ұстайтын адамдар бұқаны бордақылаған уақытта жемнің интоксикациясы болуы мүмкін. Жем дұрыс сақталмағаннан соң көгеріп кетеді. Ал сол жемді малға бергенде, оның ішінде көп микотоксин болады. Интоксикацияға

ұшыраған мал ауырады, тәбеті де жоғалады. Одан кейін малды бордақылаған кезде ол салмақ қоспайды. Неліктен? Өйткені тәбеті жоқ малға қандай гормон қолданса да, одан ет алуы қиын. Ал біздің жем қоспа малдың ішкі құрылысын емдеп, қорек арқылы клеткаға барған токсиндерді сыртқа шығарып тастайды. Осының арқасында малдың тәбеті ашылып, денсаулығы түзеледі. Сөйкесінше, мал салмақ қоса бастайды. Екіншіден, үй жануарларында түрлі ауру түрі кездеседі. Мал сойлей алмайды ғой, адамға өзінің ауруын айта алмайды. Сондықтан малға дұрыс диагноз қоя білу ондай емес. Көбіне мал іші кеуіп кеткен соң қырылып қалады. Осы уақытқа дейін бізге малдың үстінде қаптаған қотырлардың жоғалғанын, аяққа тұра алмай қалған бұзауларының интоксикациядан жазылғанын, тіпті іші кеуіп кеткен малын сойғалы жатқан адамдар жем қоспадан кейін оның аурудан айыққанын айтып хабарласты. Біздің өніміміз — биокоспа ғана емес, ветеринарлық спектр. Қазір аталған биокоспа елімізде ғана емес, әлем елдерінде қолданысқа енгізілген. Алайда Қазақстанда өндірілетін отандық өнімнің сапасы жоғары әрі бағасы қолжетімді болып шықты. Кейбір тұтынушылар биокоспаны Ресейден, Белоруссиядан, тіпті Германиядан әкеледі. Бірақ шетелден әкелінген препараттардың бағасы салыстырмалы түрде елімізде өндірілетін биокоспадан бірнеше есе қымбат. Біз қолданып отырған шикізат Алматының тауларынан алынады. Леонардиттің түрі көмірге ұқсағанымен, ол жанбайды. Табиғаттағы пайдалы заттың барлығы леонардиттің ішінде жиналған.

— Отандық өнімге неліктен AI Karal деген атауды бердіңіздер? Бұл атау қандай мағынаны береді?

— Біз өнімнің атауын маркетинг командамызбен бірге ойлап таптық. Біріншіден, биокоспаның түсі қара. Сондықтан біз шы-



ғаратын өнімнің атауында «қара» сөзі болуға тиіс деп ойладық. Онымен қоса, маркетингтар өнім атауы анықтамалықта және басқа да іздеу жүйелерінде алғашқы болып тұруы үшін А әріпінен басталуы керек деп кенес берді. Сонымен командамен ақылдаса келе бастапқы сөзін «ал» деп қойдық. Толыққанды мағынасы — «ал да, қарал». «Қарал» деген сөзді өзіңе диагностика жаса, емдел деген мағынада қолдандық. Алайда Қазақстанда көбі мұсылман халық болғандықтан, кейбір адамдар биокоспа атауын «Әл-Қарал» деп оқиды. Тұтынушылар осылай қаралды деген соң, біз де әркім өз ынғайына қарай оқи берсін деп шештік. Бірі «Ал-Қа-



Әсем КЕНЖЕБЕК,
инвестициялық банкир, кәсіпкер:

Әлемге әйгілі қазақша

рал» деп қазақ тілінде атаса, бірі «Әл-Қарал» деп айтып жатады. Түптеп келгенде өнім атауының дінмен ешқандай байланысы жоқ.

БИОКОСПАДАҒЫ ФУЛЬВО ҚЫШҚЫЛЫНЫҢ МӨЛШЕРІ — 65 ПАЙЫЗ

— Онымен қоса, адам ағзасына арналған биокоспаны да әзірледіңіздер. Гуминдегі ең пайдалы зат саналатын фульво қышқылы Ресей сияқты мемлекеттерде 20 пайыз болса, сіздің өніміңізде 65 пайыз мөлшерде кездеседі екен. Бұл қышқыл неге әсер етеді?

— Фульво қышқылды химик-органик мамандар көлік құралдары деп айтады. Бұл

жыл бұрын пандемия уақытында қабылда- дым» деп жауап берді. Көріңіз бе, сонда үш жыл бұрын қабылдаған антибиотиктің қалдықтары адамның клеткасында әлі күнге дейін сақталып тұр. Ал фульво қышқылы сол антибиотиктің қалдықтарын тері арқылы сыртқа шығарады.

— Гуминді биокоспаларда (Гуминовый БАД) леонардит бар. Леонардиттің өзі көбіне кен орнының жанында, үлкен үйінділерде кездеседі. Ал сіздер оны Алматы облысының тауларынан тапқан екенсіздер...

— Иә, Нарынқол — өте ескі кен орындарының бірі. Негізі леонардит көмірдің жоғарғы қабатында болады. Көбіне адамдар жоғарғы жағын қазып, алып тастайды. Себебі көмірді қажет ететін кәсіпкерлерге жоғарғы бөлігінің аса қажеті жоқ. Біз неліктен ескі кен орындарын іздедік деген сауалға жауап берейін. Мысалы, Теміртау, Қарағанды секілді аймақтарда орналасқан кен орындарын қазған сайын, оны үсті-үстіне төге береді. Жерде жатқан заттың радиациясы жоғары болып келеді, яғни жердің өзінің радиациясы болады. Біздің ескі кен орындарын іздеу себебіміз де сол, мұнда радиация ұшып кетеді. Нақтырақ айтсам, жел соғып, жаңбыр жауған уақытта оның барлығы табиғи тотығу арқылы жоғалып кетеді. Біз Орталық, Солтүстік, Оңтүстік Қазақстан өңірлерінен, Семейден көптеген кен орнын қарап көрдік. Алайда барлығының дерлік радионуклидті анализ көрсеткіші жоғары болып шықты. Ал радиацияның жоғары болуы — өте қауіпті. Кейіннен Нарынқол облысындағы Ойқарағай кенішінің иесі Ләззат ханыммен өте жақсы тіл табыстық. Мен Ләззат ханымға өзімнің қандай идеямен келгенімді айтқан кезде, леонардитті сол кен орнынан алуымызға қарсылық танытпай, керісінше барынша қолдау таныта білді. Сол уақыттан бері екеуміз жақсы серіктестікке айналдық. Әйелдер бір-бірін үнемі қолдап жүруі маңызды.

100-ГЕ ЖУЫҚ АДАМҒА ЭКСПЕРИМЕНТ ЖАСАДЫҚ

— Бүгінгі медицина және дәрі-дәрмек саудасы гуминді биокоспаларда кездесетін леонардитті қаншалықты талапқа сай қолданып келеді? Халықтың бұл өнім жөнінде сауаты қалыптасқан ба?

— Негізі, фульво қышқылын тек леонардиттен ғана емес, шымтезектен де (торф) жасайды. Мәселен, ресейліктер көбіне фульво қышқылын шымтезектен алады. Шынын айтсам, шымтезектен істелген өнімдер-

дің көбіне иісі нашар болып келеді. Леонардит – құнарлы, таза. Сондықтан фульво қышқылын леонардиттен алғамыз келді. Алғашында бізде Қазақстанда БАД шығару туралы ой болған жоқ. Осылайша, мен адамдарға арналған формула жасайық деп ғалымдарға ұсыныс білдіріп, тапсырыс бердім. Ғалымдар формуланы істеді, бірақ бастапқыда өнімді сынақ ретінде өзіміздің әріптестерімізге, жанұямызға ұсындық. Одан кейін достарымызға бердік, осының арқасында өнім көпшілік ортаға тарала бастады. Биоскопаны ресми түрде жарыққа шығарғанға дейін шамамен 100-ге жуық адамға эксперимент жасап көрдік. Өнім өз пайдасын берген соң тұтынушылардан алғыс ести бастадық. Кейін достарымыз бізден өнімді нарыққа шығаруымызды, тіпті өз жақындарының тарапынан да сұраныс артып жатқанын айтып хабарласты. Тағы бір маңызды жайт, өнімді шетелден әкелгендер жақсы бағаға сатқанымен, мөлшері 100 мл ғана болып келеді. Ал біз препаратты тура сол бағада, бірақ бір айда екі адамға жететіндей мөлшерде шығардық.

бастап көруге ұмтылатын жастар көбеюі керек деп ойлаймын. Жаңа өнімдер шықсын, нарыққа келсін, себебі ол бәрімізге жетеді. Бүгінде біз өз өнімдерімізді экспортқа шығарып отырмыз, демек биотехнологияның әлеуеті жеткілікті. Расында Қазақстанда жас ғалымдардың идеялары жақсы болғанымен, олар идеяны бірлесе іске асыратын кәсіпкерлерді таппайды. Сондықтан биотехнология саласында жүрген кейбір ғалымдар кәсіпкер таппағандықтан шетел асып кетіп жатады. Елімізде кәсіпкерлер мен ғалымдар бірлесіп атқарған жобалар көбейген сайын жас буынның да қызығушылығы артар еді. Халыққа ата кәсіп – біздің келешегіміз екенін ұғындыруымыз тиіс. Қазір дүниежүзінде ашаршылық белең алды. Қандай да бір экономикалық форумға бара қалсаңыз, жиында әлемдік ашаршылық туралы мәселе қозғалады. Әлемдегі алпауыт мемлекеттер соншалықты дамып отырса да, өздері тамақ шығармайды. Себебі жер жоқ. Біздің жеріміздің кендігі сонша, әлемде тоғызыншы орынды иемденіп отырмыз. Тіпті, жерімізде Менделеев



лар тапшы ма, әлде ғылыми тәжірибеміз жетпей ме?

– Расында қазір адам денсаулығын тексеруге арналған лаборатория көп. Қаланың әр бұрышында орналасқан медициналық орталыққа барып, қан тапсырып, сараптама қорытындысын ала аласыз. Кәсіп иелері маман тапты, сондықтан ісін күнделікті жүргізіп отыр. Меніңше, ет құрамындағы антибиотик мөлшерін анықтайтын лабораторияларды ашуға болады, дегенмен мемлекет тарапынан ұсыныс болуға тиіс. Ұсыныс болса, оны жүзеге асыратын кәсіпкерлер де табылады. Ет сапасын анықтайтын лаборатория бізге өте қажет. Сонымен қоса, өнімді тексеретін лабораториялар сертификаттаудан өтуге тиіс. Бір кәсіпкер бұл істі қолға аламын десе, әрі қарай дөңгелете алады. Қазақстанда мұндай лабораториялар көбейсе, тиісінше сапамыз өседі деп ойлаймын. Мәселен, мен дүкеннен ет сатып алған соң оның құрамын тексеріп көргім келді делік. Еттің бір бөлігін алып лабораторияға апарамын. Қазір Ресейде экспресс тесттер бар. Экспресс тест арқылы мен үй иесі ретінде еттің құрамындағы антибиотик мөлшерін өз үйімде тексеріп көре аламын. Ал еттің сапасы нашар болса тұтынушы наразылық танытады, сондықтан аталған кәсіп жолында жүрген мамандар тұтынушының сұранысына сай жұмыс істей бастайды. Егер өнімнің сапасына ешкім мән беріп қарап жатпаса, кәсіпкерлер дайын мөрді қойып, нарықта алаңсыз жүре алады. Білесіз бе, былтыр Макдональдс компаниясы Қазақстаннан кетіп қалды. Әйгілі брендині елден кетуіне себеп – ет өндірісіндегі антибиотик еді. Бұрын олар етті Ресейден алатын еді, өкінішке қарай, Қазақстаннан ет құрамында антибиотик нормасы төмен өнімді таппаған. Компания қазір Ресеймен жұмыс істей алмайды, сондықтан Қазақстаннан кетіп қалды.

– Антибиотик демекші, мамандар етті қайнатқан кезде оны салынған химиялық дәрілерден тазарту үшін бірінші қайнаған суын төгіп тастауға кеңес береді. Кейде етті алдымен тұздап алып жатамыз, ал одан су шығады. Бұл да антибиотиктен тазартудың бір әдісі ме?

– Иә, етті тұздау өте дұрыс әдіс дер едім. Түз ет құрамындағы токсиндерді шығарып жібереді. Кезінде қазақтар мұның сырын жақсы білген. Сапалы ет тұтыну үшін не істейміз деп сұрайтындар үшін, үйде ет асқан уақытта бірінші қайнаған сорпаны төгіп тастауға кеңес берер едім. Ал антибиотикті не үшін қолданады? Кез келген жерде санитарлық норма ережелері бар. Өкініштісі, мал ауруына асқынуына көбіне қарапайым санитарлық нормаларды сақтамау себеп болады. Сосын мал қырылып қалмасын деп ауырып тұрған жануарға антибиотик береді. Антибиотик ет, сүт арқылы

біздің ағзамызға барады. Неліктен пандемия уақытында көп адам қырылып қалды? Әр жанұяда бір жақын адам қайтыс болды. Мұндай уақытта адамға антибиотик салса ол жұмыс істемейді. Себебі адам ағзасында антибиотикке төзімділік (резистентность) бар деген сөз. Өкінішке қарай, ағза антибиотик қабылдамағандықтан адамның демі бітіп, көз жұмады. Тіпті, бүгінде антибиотикке төзімділік балалар арасында жиі кездеседі. Мұның негізгі себебі күнделікті тұтынып отырған ет, сүт өнімдерінің сапасына келіп тіреледі.

– Қазір әлемде қазақстандық гунино/фульволық қоспаға деген сұраныс артқан. Гуминді қоспаларды өз елімізде өндіріп, шетелге экспорттау ойыңызда бар ма?

– Біз қазірдің өзінде шетелге экспорт жасап отырмыз. Олардың ішінде көршілес Өзбекстан, Қырғызстан, Дағыстан, Башқұртстан, Татарстан, Тәжікстан сияқты мемлекеттер бар. Сондай-ақ Қытаймен арада үш меморандум жасакталды. Бүгінде отандық өнімге Вьетнамнан қызығушылық танытып отыр. Зауытымыз ашылған уақытта Бразилия мен Аргентинадан, Голландиядан кәсіби мамандар Қазақстанға келуді жоспарлады. Өйткені дүниежүзінде биотехнологияға сұраныс мықты. Шетелдіктер біздің препараттарды өз өкілдері арқылы алғызып, лабораторияда анализден өткізіп, нәтижесінде қазір отандық өнімді сатып алуға ниет танытып отыр.

БІРДЕ-БІР БРЕНДІМІЗДІҢ БОЛМАҒАНЫ ӨКІНІШТІ

– Әсем ханым, Алматы қаласын Орталық Азияның биотехнологиялық орталығына айналдыра аламыз ба? Бұл деңгейге жету үшін мемлекет неге назар аударуға тиіс?

– Алматы қаласын Орталық Азияның биотехнологиялық орталығына айналдыру – менің арманым. Мұндай қадамға бару үшін мемлекет тарапынан жеткілікті қолдау көрсетілуге тиіс. Гранттар бөлінуі қажет. Ең маңыздысы, мұндай гранттарды біз сияқты кәсіпкерлер арқылы беруі қажет. Яғни, грантты тек зерттеп қана қоймай, коммерциализация жасайтын мамандарға берілуін қадағалау маңызды. Меніңше, қоғамда «биоэкономиканы өсіреміз» деген үлкен тақырып пайда болуы қажет. Тағы бір айтарым, биотехнология саласын дамыту үшін жаңа бір затты ойлап табудың қажеті жоқ. Қазір әр мемлекеттің өзіндік үлгілері бар. АҚШ биотехнологияға қалай қадам басты, ал Үндістан мен Сингапур ше? Дамыған елдердің тәжірибелерінен ең жақсы тұстарын алып, біздің мемлекетке енгізу қажет. Онымен қоса, мемлекет журналистерді, медиа мамандарды шақырып, биотехнологияның қоғамда кеңірек насихатталуына көңіл бөлуге тиіс. Сөздің шынын айтқанда, ауыл шаруашылығы – біздің драйверіміз деп сөзбен әрлегенімізбен, іс жүзінде еліміздегі нәтиже көңіл көншітпейді. Біз бай мемлекетте тұрамыз, адами ресурстарымыз да жеткілікті. Неліктен отыз жылда өлемге танымал бірде-бір қазақстандық бренд жоқ? Осы уақытқа дейін Қазақстаннан шыққан әйгілі бренд туралы естіп пе едіңіз? Бүгінгі заманның жастарына мотивация қажет. Олардың өзіндік миссиялары болуға тиіс. Біздің компаниямызда жұмыс істейтін мамандардың дені – жастар. Қазір олардың мықтап кірісіп отырған миссиясы да сол – Қазақстаннан шыққан брендтің бастапқы сатысында тұрған командасы болу. Біз шығарған өнімнің негізгі қоспалары толыққанды отандық өнім деп айтуға келеді. Дүниежүзінде Al Karal жайлы айтылғанда, шетелдіктер Қазақстан деп еске алатындай деңгейге жеткіміз келеді. Жер шарында кішкентай ғана аумақты алып жатқан қаншама мемлекет өз брендтерін шығарып, күллі жаһанға танытып отыр. Еліміз осынау кең аумақты иеленіп жатса да, осы күнге дейін өлемге әйгілі бірде-бір брендтіміздің болмағаны өкінішті.

– Әңгімеңізге рақмет!
Ісіңізге табыс тілейміз!

Сұхбаттасқан
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Бірде-бір бренд жоқ



БИОЭКОНОМИКА – БІЗДІҢ КЕЛЕШЕГІМІЗГЕ АЙНАЛАДЫ
– Леонардиттің пайдалы өнім екенін осыдан 70 жыл бұрын Кеңес Одағының ғалымдары ойлап тапқан екен. Тіпті, қазір әлемнің дамыған елдерінде қолданысқа еніп үлгерген. Өз жерімізде осынау байлықты жылдар бойы иеленіп жатсақ та, неліктен бұл бізге кеш жетті?

– Отандық өнімнің сапалы шығуының бір себебі – құнарлы шикізат. Екіншіден, бұл біздің ғалымдарымыздың «ноу-хауы». Биоскопаларымыздағы фульво қышқылының мөлшері – 65 пайыз. Қазір дүниежүзі елдерінде өндірілетін биоскопаларда фульво қышқылы 20-30 пайыз кездеседі. Өкінішке қарай, елімізде үлкен аграрлық университеттер жұмыс істейді, бірақ ауыл шаруашылығы саласында мамандар тапшы. Екіншіден, аграрлық университетте оқытын студенттердің 80 пайызы – медициналық университетке түсе алмаған балалар. Олар аграрлық оқу орнына агроном немесе ветеринар боламын деп емес, диплом үшін барады. Меніңше, елімізде аграрлық сала мен биоэкономика, биотехнологияның маңызы туралы пропаганда жоқ. Біз секілді компаниялар мен кәсіпкерлер көпке үлгі болуымыз қажет. Осы салада өз кәсібін қорықпай

кестесіндегі біршама элемент кездеседі. Неліктен осындай мүмкіндіктің бәрін іс жүзінде пайдаланып, дүниежүзі елдері өнімді бізден сатып алатындай деңгейде биотехнология саласын дамытпасақ?! Биоэкономика – біздің келешегімізге айналады деп ойлаймын.

– Білуімізше, Al Karal өнімінің өсімдіктерге арналған түрі бар. Оның құрамын қалай ойлап таптыңыздар?

– Органикалық тыңайтқыштың базасы гуминді фульво қышқылынан тұрады. Мұны барлық препаратқа қолданамыз, бірақ формуласы әртүрлі. Мәселен, өсімдікке арнап жасалған өнімді адамға беруге болмайды немесе жануарға арналған биоскопаны адам іше алмайды. Біз тыңайтқышқа өсімдікке қажетті микроэлементтерді қосамыз.

МАКДОНАЛЬДС ЕТ ӨНДІРІСІНДЕГІ АНТИБИОТИККЕ БАЙЛАНЫСТЫ НАРЫҚТАН КЕТТІ

– Еліміздегі ет, сүт өнімдерінің сапасы тақырыбына ойысасак. Сұхбаттарыңыздың бірінде қазір Қазақстанда ет, сүт өнімінің құрамындағы антибиотикті тексеретін бірде-бір лаборатория жоқ екенін айтып қалдыңыз. Бізде мұндай зерттеумен айналысатын кадр-



Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Қырманға тасып, камбада келтіріп әуре-сарсаңға түскенімен бар астығы көгеріп кеткен шаруалар тұқымсыз қаламыз ба деп сары уайымға батқан. Расында да, шаш етектен шығын шеккен диқан қауымның басым көпшілігінде жерге себер түйір тұқымы да қалмаған. Сол қысылтаян шақта Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі көңілі алаң болған шаруаларға зор демеу болған еді.

«Көктемгі егіс науқанына және күзгі жиын-терімге жеңілдікпен берілетін несиені 1,5 триллион теңгеге дейін арттыру керек. Ал инвестициялық жобаларға бөлінетін жеңілдетілген несиені 800 миллиард теңгеге жеткізу қажет. Жеңілдікпен лизинг беруге жыл сайын кемінде 450 миллиард теңге бөлінуге тиіс. Сонда әр жыл сайын ауыл шаруашылығы техникасының 10 пайызы жаңарып отырады. Бұл шаралар ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 2 есе арттыруға жол ашады», — деген еді Мемлекет басшысы.

Дегенмен қыс бойы астығын қолайлы бағаға өткізе алмай сапасы төмендеп, салы суға кеткен шаруалардың басым көпшілігі көктемгі су тасқынынан кейін тағы да ойсырай шығынға батты.

Қарғын судан қолда барынан айырылып, дүние-мүлкі мен ырыс-берекесінен айырылған өңірдің бірі — Ақмола облысы. Қазір жағдай аса күрделі. Өзен-көлдерден жайылып, жан-жағын топан су жайлағанының салдарынан Көкшетау қаласы мен Атбасар, Бұланды, Жарқайын, Есіл және Астрахан аудандарында төтенше жағдай жарияланған. Бұдан бөлек, төтенше жағдай жарияланбағанымен топан су Целиноград, Сандықтау, Қосшы, Зеренді және Ерейментау аудандарында бірқатар елді мекен тұрғындарын әбiгерге салған. Келтірілген шығын көлемі көп. Қолда бар себетін тұқымы, керек-жарактары, техникасы түгелдей қызыл судың астында қалған диқандар қайтерін білмей дағдарған күйде отыр. Көпшілігі әбден несиеге батқан. Атбасар ауданына қарасты Ақан Құрманов ауылындағы шағын шаруа қожалығының иесі Вадим Кузнецов те топан судан үлкен көлемде шығынға батқандардың бірі.

«Мен 35 жылдан бері осында тұрамын. Бірақ бұрын-соңды тасқын су мұндай көлемде болған жоқ. Су үйдің ішіне кірген жоқ. Дегенмен үйдің ауласы, коймам, тұтас техникаларымның бәрі су астында қалды. Әсіресе, жерде тұрған Камаз көлігі мен Т-4 тракторымның моторы толықтай суда

ТҰҚЫМЫ

мен

Диқан қауым үшін былтырғы жыл оңай болмағаны анық. Жаз бойы көк аспаннан тамшы тамбай қуаңшылықтың салдарынан өспей қалған бидайды қара күз бойы сiбiрлей жауған жаңбырдан жаппай ылғал басқан еді. Тұтастай суда қалған астық көктеп кетіп, өткізе алмаған шаруалар дабыл қаққан. Үкіметтің қаулысымен мемлекет астықты сатып алу жөнінде арнайы тапсырма бергенімен, мыңдаған тонна астығын қоқысқа төгуге мәжбүр болған шаруалардың бұл көмек жыртығын жамай қойған жоқ. Көктемгі егіс науқаны теріскей аймақ үшін де басталып кетті. Алайда жығылғанға жұдырық болғандай, елдің басты астықты аймақтарында су тасып, диқан қауым миллиондаған шығынға батқан. Өкініштісі сол — Ауыл шаруашылығы министрлігі су тасқынынан зардап шеккендерге өтемақы төлеу мәселесін әлі күнге дейін шеше алмай отыр.

калып, жарамсыз күйге түсті. Өзім шағын 92 гектар алқапқа, күйеу баламның 136 гектар жеріне егін себемін. Бірақ былтырғы жылы әлі тұқым алған жоқпын. Былтырғы жылғы астығымның бәрі тұқым қылып себуге жарамсыз. Алған өнімімнің бәрі де кластан тыс астық болды. Жаксы тұқымның құны да аспандап кетті. Қазір 200-250 мың теңгеге дейін жетіп тұр. Жанармай мәселесі де қиын. Су тасқынына байланысты шығынды өтеп бере ме деген үмітіміз бар. Бірақ бермесе тағы да несиеге батып, кіріп алмастан басқа амалымыз жоқ, — дейді Вадим Кузнецов.



айқындап берді. Әсіресе, биылғы қыс жем-шөп тапшылығынан тіске ілігер шөп таппай қалған малды ауылдардың жылқысы көтерем болып, көбі қырылып та қалды. Сондықтан биыл өңірдің 300 мың гектарға жуық егіс алқабына мал азығын егу жоспарланыпты. Мұнымен қоса, Астана қаласы азық-түлік белдеуіне кіретіндіктен өңірде 14 мың гектардан астам алқапқа картоп пен 2 мың гектарға көкөніс егу көзделген.

— Жалпы, облысқа қажетті тұқым көлемі — 536 мың тонна. Бүгінге дейін қажетті тұқымның 508 мың тоннасы, яки 95 пайызы әзір. Жетіспейтін тұқымды қазір іздестіріп жатырмыз. Өңірде бірнеше тұқым шаруашылықтары бар. Олардың қоймасында 30 мың тоннаға жуық сапалы тұқым қоры сақталған. Былтырғы жылы баға төмен болуы себепті сатылмай қалған бидайы да қоймасында үйілген күйі тұр. Мұнымен қоса, «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында

дайынан хабардар еткен шаруалардың қонырауы толастамаған. Жеке тұлғалардың сутасқынынан келген шығын көлемін өтеуді арнайы комиссия қарап, тұтас алгоритм іске қосылғанымен, ауыл шаруашылығымен айналысқан диқан үшін шығынды өтеу тәртібін Ауыл шаруашылығы министрлігі әлі анықтамаған. Қомақты қоры бар ірі шаруашылықтарға бұл аса ауыр салмақ болмағанымен, қаражаты аз шағын шаруа қожалықтары үшін өте күрделі мәселе. Облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары шаруаларды толғандырған бірнеше себепті атады.

— Су тасқынынан кейін шаруасы шатқаяқтап, түйткілді мәселелер туындаған шаруалар бар. Әсіресе, төтенше жағдай жарияланған аймақтарда жағдай аса күрделі. Негізінен, диқандардың басым бөлігі несиеге батқан әрі көктемгі егіске тұқым, жанармай сияқты қажеттіліктерді алу үшін қаржысының жоқтығы басты қиындық болып отыр. Шаруа-

ЖАЙЫ ЖОҚ, ШАРУА ҚАЛАЙ КҮН КӨРЕР?!



Тұқым тапшылығының барын Ақмола облысының Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы да мойындады. Ведомствоның мәліметінше, әсіресе шағын шаруа қожалықтарындағы жағдай аса күрделі. Былтырғы жылғы астығының басым бөлігі жарамсыз болып, несиеге шаш-етектен батқан шаруалар қазір тұқым алу үшін қаражат іздеп шарк ұрып жүр. Биылғы жылы облыс диқандары 5,3 миллион гектарға егін екпек. Оның ішінде 400 мың гектар алқапқа майлы дақылдар себілмек. Кейінгі жылдары мал азығының жеткіліксіз болып жатқанынан осы салаға баса назар аудару қажетін уақыттың өзі

тұқым ретінде пайдалануға болатын үшінші класты 147 мың тонна бидай бар. Ол бидайды алу үшін қазір корпорациямен келісімшарт жасап жатырмыз. Оның әр тоннасының құны 150 мың теңге шамасында болуы мүмкін, — дейді Ақмола облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Еркеш Әленов.

Басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, тұқыммен қатар шаруаны алаңдатарлық аса өзекті мәселенің бірі — жанармай. Облысқа биыл литрі 250 теңгеден жеңілдетілген бағамен 82,4 мың тонна дизель отыны бөлінбек. Бұл мәселемен 17 оператор айналысып жатыр.

— Бүгінге дейін 39 мың тонна жанармайдың ақысы келісімшарт бойынша төленсе 12 мың тоннасы шаруашылықтарға жеткізілді. Қаражаты болса шаруа қожалықтары көктемгі егіс науқаны үшін қажетті жанармайын сатып алуына болады, — деп толықтырды Еркеш Әленов.

Облыстың құзырлы басқармасы көктемгі егіске әзірліктің қалыпты жағдайда екенін айтып ақталғанымен, облыстық кәсіпкерлер палатасының мәліметі бірқатар шаруаның жағдайы аса мәз емесін көрсетіп отыр.

Облыстық кәсіпкерлік палатасына су тасқынынан зардап шегіп, дабыл қаққан ауыр жағ-

лардың басым бөлігі қолда барын айырбастап, яки қарызға алып, амалдап жатыр. Өңірде, әсіресе Атбасар, Бұланды, Астрахан, Целиноград және Есіл аудандарындағы шаруалардың жағдайы аса қиын. Су тасқынынан шығынға батқан шаруалар көктемгі егіске өтемақы алу жөнінде облыстық Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына жүгініп жатыр. Өкінішке қарай Ауыл шаруашылығы министрлігі өтемақы төлеу ережесін әлі күнге дейін бекіткен жоқ. Облыс аумағында бүгінге дейін біздің мәліметімізше, 14 ауылшаруашылық құрылымы су тасқынынан аса ауыр көлемде зардап шеккен, — дейді Ақмола облысы Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Гүлден Темірғалиқызы.

Көктемгі егістік науқанына кірісіп кетуге тұқым таппаған шаруалардың мәселесі шешімін таба ма? Бұл орайда комиссия дереу іске кірісіп, шаруалардың шығынын жабуға көмек болмаса, жағдай қиын болары сөзсіз.

Сондықтан құзырлы министрліктер мен әкімдіктер диқан қауымының жағдайын ескеріп, тиісті шешімді жедел арада қабылдағаны жөн болар деген ойдамыз...

Ақмола облысы

«Кино – өнердің көнже баласы болғанымен, тұтынушысы ең көп мәдени құбылыс» деген пікірге келіспеске амалымыз жоқ. Тұтынушының көптігінен миллиондап, миллиардап қаржы жинап жатқандар да бар. Бірақ бізде қандай тауар өтімді, мәселе – осында! Қырғыз киноиндустриясы түсірген екі бірдей фильм қазақ кинотеатрларында көрсетіліп, көрерменнен оң бағасын алды. Екі фильмнің де жанры комедия емес. Қырғыз фильмдері «комедия түсірсек қана қаржың еселеп қайтады» деген көзқарасты өзгерткен сыңайлы. «Пейіштің» «Таптым-ау сені» не болмаса «Қазақша бизнестен» артықшылығы неде? Белгілі киносыншы Дана Әмірбековамен «Экранда» қырғыз фильмін талдап көрдік.

Дана ӘМІРБЕКОВА,
КИНОСЫНШЫ:

Көрермен



ТАЛАПШЫЛ БОЛСА ҒАНА ҚАЗАҚ КИНОСЫ

дамиды



МАҒЫНАСЫЗ ДУНИЕЛЕРДЕН КӨРЕРМЕННІҢ ЖАУЫР БОЛҒАНЫ СЕЗІЛЕДІ

– Фильм алты елде таспаланған. Демек, алты елдің ортақ өнімі деп айта аламыз ба?

– Фильмнің қай елге тиесілі екенін оның түсірілімдерінің қандай елді мекендерде өткеніне немесе қай елдің актерлері рөл сомдағанына қарап емес, қай мемлекеттің қаржысына жүзеге асқанына қарап анықтаймыз. Иә, үш-төрт мемлекет бірігіп қаржыландыратын фильмдер де болады. Алайда сөзімізге тиек болып отырған фильмнің түсіріліміне қаржы бөлген жалғыз мемлекет – Қырғызстан. Мысал ретінде, осыдан жиырма жыл бұрын жарыққа шығып, көрермен тарапынан сынға алынған «Көшпенділер» фильмі де Голливудтың танымал актерлері мен режиссерлерінің көмегімен жүзеге асқан болатын. Дегенмен қаржы бөлген өзіміз болғандықтан, ол фильм біздің елге тиесілі. Сол сияқты ғой.

– «Пейіштен» ұққанымыз – режиссер көрерменнің сұранысын мықтап зерттеген секілді. Жеңіл жанрдан гөрі, осындай ой салатын фильмдерді көбірек іздейтін сияқтымыз. Осы тұрғыдан алғанда, фильм арқылы «адами қатынасты зерттеудің тетігі қайда?» екенін біле аламыз ба?

– Расымен, соңғы жылдары отандық экранымыз бірінен екіншісінің айырмашылығы онша байқалмайтын арзан комедиялармен толықты. Бұндай мәнсіз, мағынасыз дүниелерден көрерменнің жауыр болғаны сезіледі. Соңғы жылдары қыруар қасса жинап, қоғамда резонанс тудырған «Бақыт», «Оян, қазақ!», «Дәстүр» қатарлы фильмдердің алға шығуы – соның дәлелі. Көрермен қоғам жарасын ашатын, түйткілді тақырыптар мен түрлі жанрдағы фильмдерге сусындап отыр. Себебі комедия – ауруды сездірмейтін дәрі сияқты. Бірақ ол ешкімді емдемейді. Қоғамға жайылған іріңнен арылу үшін оның жарасын ашатын туындылар қажет. Арзан күлкіден іргемізді аулақ салып, адами құндылықтарды дәріптейтін адамзатқа ортақ тақырыптарды қаузап отырып, қазақтың мәселесін экран арқылы алға тартатын уақыт келді.

«ПЕЙІШ» ДЕР КЕЗІНДЕ ШЫҚТЫ

– «Пейіш» күлдіреді, ойландырады, мұңға батырады. Әсіресе, Сириядағы түсірілім бірнеше факторға негізделген. Ел неге мұндай күйге түсті? Қырғыз қызы неге адасты? Жалпы, қырғыз қызы арқылы адасқандардың типтік образын көрсеткісі келген сыңайлы. Кейбір көрермен

фильмнің шырқау тұсы да Сирияны көрсеткен жері деген пікір айтуда. Сіз қалай ойлайсыз?

– Соңғы жылдары ата-баба дәстүрін ұмытып, діннің атын жамылған кері ағымды дәріптеушілердің қарасы күн санап ұлғаюда. Қара киімге оранған қара көздеріміздің арасында өз ұлтының салты мен дәстүрінен безініп, дүниетанымына қарсы шығып, болашағына балта шапқандар қаншама?.. Байқасаңыз, кез келген ойлы фильмде әйел бейнесі – ұлттың бейнесі. Әке – мемлекет бейнесі болса, балалар – халық. Бұл тұрғыда режиссер адасқан әйелді көрсету арқылы адасқан елді, күллі біл ұлтты меңзеп тұр. Өкініштісі, бұл тек қырғыздарға ғана тән мәселе емес. Қазақ арасында да туындаған жағдай. Сондықтан да отандық көрермен тарапынан жылы қабылданды деп есептеймін.

– Қазір кез келген фильмнің қасса жинауы да маңызды. «Пейіш» бұл жағынан да озық шыққан секілді. Жалпы, кино тақырыптық тұрғыдан ұтып отырған жоқ па?

– Дұрыс айтасыз. Кино – арзан сала емес. Сол себепті де салынған қаржының еселеніп қайтуы аса маңызды. «Темірді қызған кезінде сок» демекші, «Пейіш» фильмі дер кезінде, уақытылы шықты. Ауыз бекітіп, имандылыққа бет бұрған көрерменнің сұранысын ескеріп, фильмнің көрермен назарына Оразамен тұспа-тұс ұсынылуы сәтті продюсерлік шешім болды. Мүмкін сәл кешірек шыққанда, бұндай қызығушылық тудырмас па еді. Өйткені бізден кейін Татарстан экрандарында көрсетілгенде үлкен қасса жинай алмағаны белгілі.

БАЛА – ОЛ ӘРҚАШАН ХАЛЫҚТЫҢ БЕЙНЕСІ

– Біз тек көрермен көзімен ғана бағалап отырмыз. Кино сыншысы ретінде қандай кемшілігі бар деп санайсыз?

– «Қоғам ғылым мен білімнен алшақтаған сайын діндар бола бастайды» дейді ғой. Осы ретте діни тақырыптағы фильмдердің үлкен экран арқылы жиі ұсынылуын өз басым құптамаймын. Осыдан бес ай бұрын ғана «Дәстүр» фильмі жарыққа шыққан еді. Миллиардап қасса жинаған аталған фильм басында әлеуметтік маңыздылыққа ие зорлық-зомбылық тақырыбын көтермекші болып басталып, соңы діни экзорцизм мен догматизмді дәріптеумен аяқталған еді. Ұлттық символымызға айналған қасиетті домбыраға күйе жағып, жамандықтан құтқаратын жалғыз жол Аятул-Күрси сүресі, ал жындан қорғауға қауқарлы жалғыз жан молда екенін алға тартқан фильмді көргендердің басым көпшілігі жанұялық зомбылық жайлы емес, теріс ағымдар алға тартатын жындар мен шайтандар жайлы ортағасырлық ой түйіп шыққан болатын.

Ал енді әңгімеміздің өзегіне айналған «Пейіш» фильміне келер болсақ, бұнда да режиссердің көзқарасымен келіспейтін тұстарым бар. Жоғарыда айтқанымдай, бала – ол әрқашан халықтың бейнесі. Фильмдегі бас кейіпкер – ақыл-есі кем, өз ісіне жауап бере алмайтын, ештеңеге сыни тұрғыда қарай алмайтын жасөспірім. Ол жанындағылардың айтқанына еш күмән келтірмейді, артық сұрақ қоймайды, ойланбайды. Қарап отырсаңыз, нағыз діншіл фанатиктің бейнесі. Ал режиссер болса, осындай бейнені үлкен экран арқылы романтизациялап отыр. Ол – бір. Екіншіден, фильмде жұмаққа кірудің жалғыз жолы – Меккеге бару екені алға тартылады. Демек, жұмаққа кіру үшін сенің адами құндылықтарың емес, ананды Меккеге жаяу апарғаның маңыздырақ екен. Әуелі бас кейіпкердің анасы ел-жұртқа: «Менің жарымес баламның өзі Меккеге апаратын болды. Ал сендердің сау балаларың қайсынды апарды?» деген сұрақ қояды. Бұл көрермен санасын манипуляциялау. «Жәннат аналарыңның табанының астында» хадисін тікелей топшылаған фильмдернен кейін Меккеге анасын апарушылардың саны күрт өсті. Жуырда ғана әлеуметтік желілерден карт анасын сықырлаған арбаға салып Меккеге жол тартқан жігіттің видеосын көрдік. Ертең олардың тағдыры қалай болмақ? Жалпы, бұндай тақырыптағы фильмдерді жарыққа шығарарда өте абай болу керек деп есептеймін.

– Жоғары рейтинг жинаған екі фильм де қырғыздарға тиесілі. «Приговордың» режиссері қазақ дегенімізбен, оқиға желісі қырғызда өрбіген. Қазақ киносы комедиядан ұзай алмай жатқан секілдіміз. Неге?

– Қазір жанрлық киномыздың деңгейінің төмендігіне тек сол Батыстың төмен санаттағы фильмдерінің әлсіз көшірмесінен ұсынып жүрген «киногерлер» ғана емес, сол фильмдерді қолдап-қолпаштап, әлеуметтік желілер арқылы жарнамалап жүрген көрермен де жауапты. Демек, біздің көрермен осындай деңгейлі фильмдерге де риза. Әйтпесе, мәдениеттен жұрдай, адами құндылықтарды аяққа таптайтын, белден төмен әзілдерден құрылған бүгінгі өнімдерді ұсынатын продюсерлер қанатын кеңге жаймас еді. Қарасаңыз, анайы сахналар мен боғауыз сөздері көп фильмдер қаржыны миллиардап жинайды. Халық осындай фильмдерге билет алудан бас тартып, өзіне деген құрметі артқанда ғана өзгеріс болады деп ойлаймын. Көрермен талапшыл болғанда ғана қазақ киносы өседі, өркендейді.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

«Ал жарынан аса алмай Жайық жатыр баяғы.
Толқындары көк тасқа тайып жатыр баяғы»

Жүмекен НӘЖИМЕДЕН

КӨЗБЕН КӨРСЕН...

Қазақ: «Естігенінді айтпа, көргенінді айт. Естігеннің өтірігі болар. Көргеніне көзің куә» дейді. Не болып жатқанын көзімізбен көрейік деп, Алматыдан Атырауға ұшқанбыз.

Мынау қай кез?

Елімізде өзен тасып, жерімізге су жайылып, ауқымды ауыл-аймақ, мал-жан селге кеткен кез. Қызылжарда, Оралда, Құлсарыда мыңдаған үй суға батып, қапы күндер бастан өткен кез.

Айға жалғасқан арпалыста мемлекет болып, ұлт болып ұйыса қимылдаған кез. Сол қайрат биік рух, шалт қимылмен ұштасып, жұрттың су шайған көңіліне демеу болған кез.

Қазақтың жүз мыңдаған жанашыр азаматы жан ұшыра қайрат кылып, қар суынан қираған ауыл, қиналған жұртқа қуат берген кез.

Біз әдейілеп Атырауға келгенде бұл уақыт Жайықтың кемерінен асып төгілетін күндері болар дегенбіз. Атырау соған дайындалған. Ор дария тасып, жағасын жайпап өтіп, Жайыққа Орынбордың бір тұсын жапырып келіп құйғанда күллі қазақ абдырап қалған. Сөйтіп, жалма-жан жан ұшыра қимылдаған.

Орынборда 12 метрге көтерілген су мұнда қандай екпінмен қашан жетерін болжаған. Атырау – Жайықтың Каспийге құяр сағасында жазыққа жайылып түскен қала. Енді ол анау су жеткенде қапы қалмасқа қарманған. Су мамандарының сәуегейлігіне сенген. Дегенмен Жайық жол-жөнекей жағасынан асып төгіліп, жайыла жылжып келеді. Межедегі 1 000 шақырымдай қашықтық өзен иірімдерімен екі есе ұзарып сала беретін көрінеді. Ағыс көлбеулігі де бір шақырымда 10 см-ден кем екен. Соның өзі Атырауға 20 тәуліктік мұрсат берген.

Ал Атырау ше? Біз көргенде қала қандай суды болса да қарсы алуға тас-түйін дайындалып үлгеріпті. Келгеніміз жақсы болыпты. Ұлттың тұтастығын, халықтың бірлігін, бірліктің күш-қуатын көзімізбен көрдік. Бір тұлғаның басқаруымен, жұдырықтай жұмыла қимылдаудың мықты мысалын көрдік.

Ұшақтан түскен бетте Халел Досмұхаметов атындағы Атырау университетінің ректоры Саламат Ыдырысов қарсы алды. Бізді қаладан қашық тұстағы арна бекітуді енді аяқтап жатқан облыстық Мәдениет департаментінің ұжымына бастап барды. Оларға Қазақстан Қарулы күштері Отар төңірегіндегі гарнизондарының бірінен келген әскерлер ротасы да қосылыпты. Мәдениет саласында еңбек ететін қыз-жігіттердің домбыраны аялаған алақандары күрек сабын қысқанда да қайратты көрінді. Атқарған жұмыстарына қарап көңіліміз өсті.

Халел Досмұхаметов атындағы Атырау университетінің тындырған ісіне таңырқай қарап, көзбен өлшеп, көңілмен есептей бастадық. 5 мың метр қашықтыққа 150 мың текше метр шамасында топырақ үйіп тастапты. Университет ректоры Саламат Нұрмұханұлының айтуынша, бөгеттің су шаяр бетіне полиэтилен жабылып, оның үстіне топырақ толтырған 120 мың қап

СЫН САФАТТА СЫРТ ҚАЛМАҒАН

Үшінші күні Алматыдан ұшардағы аптыққан көңіліміз арнасына түскендей еді. Содан өзіміз құрмет тұтатын сұрапыл ақын Жүмекен Нәжімеденнің ескерткішіне бар-

аузын ұстаған бүлдіршіндердің, Алтайдың әлде Алатаудың бір қойнауында отырып, мың теңгесін жолдаған мың болғыр зейнеткердің, бес мыңдап, он мыңдап, қор топтаған қарапайым қаламгерлердің, тілеулес болып тиынын

айтам. Бүгінде сол фантазиялық шығарма кейіпкерлері арамызда жүргендей. Жанағы көлде тұрған Құлсары, Оралдағы суға кеткен саяжайлар, Есілдің Қызылжардағы тасып төгілген суы – соның бәрін ығыстырып, сорғы техникаларымен тартқан «көлтаусар» азаматарымызға күш-қуат тіледік.

ДЕҢГЕЙ ЖӘНЕ СӨЗ

Қар суы ауылға кірген күні-ақ ашық ақпарға да, шу-шұрқанға да толып кететін әлеуметтік желі алаңы аттан айқайға басты. Сөз жоқ ақпарат алаңында алғашқы дабылды қарапайым тілшілер қакты.

Осы тұста мемлекет қабылдаған шұғыл шаралар мен құрылған штабтың кәсіпқойлығы тасқынмен таласа өршеленген айқай-шудың арынын басқан. Мемлекет басшысы су басқан барлық аймақ ауылдарды аралап, жерден де, көктен де қарап өтіп, халықтың халін көзбен көріп өтіп, сонан соң мығым сеніммен айтқан сөзі былай еді: «Ешкім ескерусіз қалмайды. Барлық шығын толығымен өтеледі», – деді.

Жақындап келіп, халқына солай сөз берді. Сабырға шақырды. Жұрт та айтылған сөз бен оның деңгейіне сенді. Сабырсыз алаң көңілдер сабасына түсті. Жұрт жұмыла аттанып, көмек қолын созып жатқанда Мемлекет басшысының емеурінімен-ақ орнынан қозғалған олигархтар әр аумақты бөлісіп ала бастады.

Әр сөздің ауқымын және орындалуын оның айтылар деңгейі белгілейді. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқан сөз түгел сөздің түп тиянағы еді. Содан да айтылған сөз айға жетпей атқарылып жатқанын халық көрді.

Президенттің салмақ түсіре айтқан тағы бір сөзі: «Апаттың салдарын жоюға көңіл білдірген олигархтар әр өңірдегі нысандарға бағытталған көмек миллиардтарын өздері қадағалайды. Бұл – қаржының қолды болуынан сақтанатын тосқауыл», – дегені.

Ақпарат кеңістігі ашық. Айтамын дегеннің аузына қақпақ қойған жоқ. Әр адамның айтқан сөзі – өзіне айна. Сөзінен өзі көрінеді. Айтқан ойынан өзінің бойы көрінеді. Ашық алаңда дегенінен деңгейі көрінеді.

Өзіне ұқыпты кісі сөзіне де ұқыпты болмақ.

ЖАЗЫП БОЛҒАНДА...

Біз Атырауда бастаған мақаламызды ұшақта тәмамдап жерге қонғанымызда еліміздегі аса ауқымды телемарафон басталып кеткен екен. Он телеарнаның қарым-қабілетін біріктіріп, жиырма шақты сөзуар шешен тілді қыз-жігіт тізіліп тұрып, таратқан ауқымды хабар жүріп жатты. Тапжылмай отырып қарап шықтық. Ай бойы болған арпалысты бейнелі, мазмұнды және лирикалы леппен қамтып өтті. Теледидардың мүмкіндігі мен режиссерлердің жасампаздығын жақсы ұштастырыпты. Арада ай өтпестен құлаған үйінің орнына үй алып, су алған қорасына мал кіргізіп, ғажайып мұғжизаға кенеліп, тілегі орындалған жандарды көрдік. Қарап отырып, біз де әсерлендік.

Ақын көзбен көріп көңілге түйгенін айтады. Ақын апатты да, апатқа қарсы біріккен біртұтас алып күшті де көреді. Ақын жан дүниесі тиянақ тапқан қазақтың өзіне деген, еліне деген сенімін көреді. Мемлекетіне деген, бірлігіне деген сенімін көреді.

Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ,
ақын

Алматы – Атырау – Алматы



ЖАЙЫҚ ЖЫЛАП АҚПАСЫН

төселіпті. Қапты да, орам-орам полиэтиленді де әлдеқайдан жолдаған. Әлдеқайдан емес-ау, байтақ Отанның барша түкпірінен еліне жанашыр азаматтар жолдаған. «Қазақстан – әр қазақтың жалғыз». Осылай ойлайтын отандастарымыз аз еместігін осының өзі-ақ көрсеткен.

Жанағы 5 мың метр бөгенді айтам. Әрине, сонша топырақ үйіп, су арнасын 4-5 метр биіктетуге кәсіпорындар жіберген және алыстан эшалондап келген техникалардың күші жұмылдырылғаны анық. Ал енді 120 мың (шамамен 6 000 тонна) қапшыққа топырақ толтырып, оны жанама бетке жатқызып жинағанын айтыңыз. Ол – әрине, адам қолымен істелген еңбек. Университеттің 500-дей ұстазы мен мыңдаған студент жастардың 20 күндік қол жұмысы екен. «Ұстаздар мен студенттер ата-анасы мен балалары сияқты болып, жақын араласып кетті. Бірге еңбек етті. Киіз үй тігіп, бірге тамақ пісірді. Дала дастарқанында бірге отырды», – дейді жас ректор, еңбекқор ұжымына риза көңілмен.

Жұмысқа жұмылған халық жүз мыңдап саналатын шығар. Есептеп жатқан ешкім жоқ. Нәтиже сол – бүкіл қала мен қала маңындағы, өзен бойындағы ауылдарды және кәсіпорындарды суға алдырмас үшін Атырау қаласы бойынша 250 шақырымға созылатын бөгет жасап, оны топырақ толған қаппен қымтап тастапты. Қала көшелерінде жолыққан жұрт жүзінен алғашқы күндердегідей алаң көңіл байқалмайды.

Халықтың күшіне, мемлекеттің қуатына деген сенім көздерінен көрінеді. Енді ойласам, бізге жетпей тұрғаны сенім екен ғой. Халықтың жүзінен бақыт самалын естіретін ең қасиетті құбылыс та сол сенім екен.

дық. Қайсар ақын қасқайып тұр. Арқасында ерекше дизайнмен салынған еңселі сарай. «Бақтықожа үш айда салдырды» дейтін Салтанат сарайы екен.

Жүмекен ақынның Жайықты жырлап отырып, соған жанастыра толғайтын ауқымды саяси шығармасы «Жаңғырық» дастаны санамызда жаңғырып, бұл күндері толқыны биіктеп қалған Жайыққа қарадық. Бұдан жарты ғасыр бұрын Жүмекен жазған тұста да айдың осылай толысып, толқып жатқан шығар деп ойладық. Сөйтіп, көңіл шіркін дастанға – кітапқа ауды. «Кітап-АМАНАТ» не болды екен?» деп солай бұрылғанбыз.

Күйіп-жанып жүріп жолға қойған жобамыз еді. Бұрылып көре кеткіміз келді. «Онда не болып жатыр екен?» дедік. Кітап үйі – рухани орталық ашық тұр. Қуанып қалдық. «Есігімізді жапқан жоқпыз», – дейді кітапханашы Асыл Онайғалиқызы. Есігінен кірген жердегі көрнекті алаңнан «Кітап-АМАНАТ»-қа орын берген мекеме де бас сұқтық.

Атырау ауқымында «АМАНАТ» партиясы да қарымды қайрат көрсетіпті. Тек қала ішінің өзінде жағалауға 22 мың метр бөгет тұрғызып, бекемдеп шығыпты. Ал облыс бойынша 40 шақырымдық бөгетті осы партия тұрғызыған. Оған «АМАНАТ»-тың жастар қанатындағы 2 000-нан астам волонтермен қоса, партия құрамындағы кәсіпкер азаматтар еліміздің әр шалғайынан техникасымен келіп, кірісіпті.

Ресми статистика «Жайықтың Атыраудан ағып өтетін тұсындағы жағалауды бекітуге 13 мың адам, 1200 техника жұмылдырылған», – дейді.

Үйінен шай қайнатып, шәугімін көтеріп шыққан келіншектер мен ұршығын иіріп, ұшық аластаған әжейдің, әкесінен қалмай қалың топқа араласып, қаптын

салған әр қазақтың ол санда тізімі жоқ. Ал шынында, соның бәрі жүз мыңдап саналар еді. Солардың әрқайсысы тау тұрғызар еңбекке тамшыдай болса да күшін қосқан. Қарап тұрып тебіренесін. Сын сағатта сырт қалмайтын халқынан айналасын.

Әуежайда кезіккен Рашида ханым Ерімқызы (Алматыдағы Орталық мұражайдың бастығы) «Сіз қаланы айтып отырсыз ғой. Ауыл-ауылдың айналасын биік бөгендермен түп-түгел бекітіп тастады. Төркіндеп келіп он шақты күн жүрдім. Тамақ істеп, шәй қайнатып, қолғабыс еттік. Халықтың берекесі мен құлшынысына шексіз тебірендім, қатты разы болдым. Ел болады екенбіз және мықты ел болады екенбіз», – деп толқыды. Көзінен өжеттік оты ұшқындайды. Сол сәтте біз осы әуежайға есімі берілген Хиуаз Доспанова апамызды ойлап отырдық.

КӨЛТАУСАР

Наурыздың соңынан басталған су тасқыны Ақтөбе, Ұлытау, Қостанай, Қызылжар деп бастап, еліміздің ауқымды аймақтарын әбігерге салған. Біршама ауыл тұтас күйінде көлкіген «көлдің» ортасында қалды. Аталған аймақтардағы ауылдастарымыз көз алдымызда мал-жаньмен қоса мұздай суда малтып жүрді. Шатырын тесіп шығып, үрпийсіп үй төбесінде отырды. Шырқырап суға кетіп бара жатқан сайгүліктерді көрдік.

Шығынның ауқымы да, оның психологиялық соққысы да өлшеусіз ауыр болды. Үш мың шаңырағын су шайған Құлсарыға барғымыз келген. Сәті түспеді. Сорғы техникаларымен соншама көлемді көлді енсеріп жатқанын айтты.

Көңіл жүйрік қой. Ойымыз әрмен кетті. Қазақ ауыз әдебиетіндегі фантастикалық шығарма «Ертөстік» есімізге түсті. Көлтаусарды

Қай кезде де Сыр өңірі дәстүрлі жыр жауһарларының алтын көмбесі саналады. Өйткені дария бойын жағалай қоныстанған киелі мекенде ежелден жыраулық, шайырлық өнер кең қанат жайған.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Тарих парақтарына үнілсек, Сырдың жыраулық өнері сонау Қорқыт бабамыздан бастау алып, кешегі Нысанбай, Балқы базар, Ешнияз, Тұрмағанбет Ізтілеуовтердің жырларымен жалғасын тапқан. Бертін келе, Нұртуған, Жиенбай, Нартай, Сәрсенбайдың жыраулар мектебі қалыптасты. Сонымен қатар, бүгінгі Мардан Байділдаев, Алмас Алматовтардың мол мұрасы халықтың баға жетпес басты құндылығына айналып отыр.

Негізінен, «Сыр елі – жыр елі» саналған өнер тұнған өңірде Жыраулар үйін ашу ісі көптен көкейде жүрген мәселе болатын. Биыл ғана халықтың қалауы ескеріліп, бұл бастама «Руханият» жылы аясында жүзеге асты.

Қызылорда облыстық филармониясы жанынан құрылған өнер ордасы жыр сүйер жамағатты зор қуанышқа бөлегені жасырын емес. Өз алдына бөлек отау болып, дербес ғимаратта жұмысын бастаған орталықтың алдағы жоспары да ауқымды көрінеді. Өнер ордасына арнайы барып, орталық директоры Амандық Бүрлібаевтан осы жайында көптеген мәліметке қанықтық.

Жыр күмбездеген Жыраулар үйіне кіре беріске салынған панорамалық Қорқыт ата композициясы келушілерді өзінің ерекше мазмұнымен баурап алады. Онда түркі әлемінің ортақ ойшылы, жырау, күй өнерінің көгінде қалықтаған Қорқыт бабамыздың бейнесі нақышына келтіре бейнеленген. Сонымен қатар бұл композицияда Жанкент, Сауран, Шірік-Рабат сияқты көне қалалардың да көрініс тапқанын аңғаруға болады. Туынды авторы облыстық филармонияның бас суретшісі Қайырбек Өмірбеков екенін білсе, бірі білмес, бәкім.

Жыраулар үйінің елең еткізер тағы бір ерекшелігі – кіреберісіне орнатылған ақпараттандыру құрылғысы. Инфокиоскіге жыраулар орталығына қатысты барлық деректер енгізілген. Осы арқылы әрбір келуші дәстүрлі жыраулық өнердің өткені мен бүгінгі жайын-



Дәстүрлі өнердің КӨМБЕСІ

да толыққанды мағлұмат ала алады.

«Жыраулар үйінің кіреберісіне осындай инфокиоск орнатуымыз да бекер емес. Бұған дәстүрлі өнер жайында барлық мәліметтер салынады. Келешекте ақпараттардың барлығын төрт тілде жасауды жоспарлап отырмыз. Яғни, әрбір келуші Сыр өңірінің дәстүрлі өнері жайында ақпаратты осы арқылы қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілінде оқи алатын болады. Әлі де жырауларымыз жайында мәліметтер жинақталып, толықтырылуда. Сондай-ақ, құрылғыға жырауларымыздың ұнтаспасын да жасап, енгізуді көздеп отырмыз», – деп түсіндірді Жыраулар үйінің директоры Амандық Бүрлібаев.

Ақпараттық құрылғыдан өңірден шыққан Көшеней Рүстембеков, Құрманбек Бекпейісов сынды жыраулардың тұтынған жәдігерлері жайында да мәліметтер енгізілген. Сонымен қатар осы Жыраулар үйінің дәстүрлі орындаушыларының, атап айтқанда, Шолпан Бейімбетова, Ақмарал Ноғайбаева, Руслан Ахметов, Әділхан Қуанбаев, Марат



Сүгірбай сынды өнерпаздардың өмірбаянынан сыр шертеді.

Жуырда ғана ашылған жыр жампоздарының киелі шаңырағында берекелі бастамалар қолға алынып, түрлі бағытта жұмыстар жүргізіліп жатыр. Соның ішінде өңірге келген өзге ұлт өкілдерінің Сыр елі дәстүрлі өнері жайында төрт тілде қажетті мағлұмат алуға мүмкіндік арттыруды мақсат тұтады. Осы мақсатта ғылыми орталық құрып, екі ғылыми қызметкер алып, жұмыс көрігін қыздыруды көздеп отыр.

Келесі кезекте орталық директорымен кіреберіс дәлізге өттік. Онда дәстүрлі өнердің негізін қалаған 15 жыраудың суреттері ілініпті. Атап айтқанда, ұлы ойшыл, қобызшы Қорқыттан бастап, Асан қайғы, Қазақ хандығының негізін қалаушылардың

бірі – Жәнібек ханның ақылшысы болған Бұқар жырау, сондай-ақ Әлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратбаев, Рахманқұл Бердібаев, Мардан Байділдаев сынды тұлғалардың бейнелері көрініс табады. Осы арқылы дәстүрлі жыраулық өнерін зерттеген ұлы тұлғалардың өмір тарихымен танысуға мүмкіндік жасалған.

Жыраулар үйінде арнайы экспозициялық музей жұмысы да жолға қойылған. Негізінен, Сыр

нада өткізілетінін мәлімдеді. Күні бүгінге дейін бұл сахнада Сыр өңіріндегі жыраулық үш мектептегі жас дәстүрлі орындаушылардың қатысуымен төрт концерт өткізілген.

Жыраулар үйіндегі конференция залының да дәстүрлі өнерді дәріптеуде маңызы зор. Орталық алғаш ашылғанда осы залда ғылыми конференция ұйымдастырылған. Алдағы уақытта бұл жерде түрлі облыстық, республикалық



ғылыми конференциялар ұйымдастыру жоспарда бар.

Ал дыбыс жазу студиясында жыраулардың дауыстары таспаланатын болады. Бұл дәстүрлі жыраулық өнердің құндылығын арттырып, келешек ұрпаққа дәріптеуге зор ықпал етері сөзсіз.

«Осы орайда дәстүрлі орындаушылардың қара шаңырағы саналатын Жыраулар үйін ашуға қолдау танытқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың еңбегін ерекше айтып өтуге болады. Орталық жұмысын ұйымдастыруға Қызылорда облыстық мәдениет басқармасының басшысы Мира Қазбекованың да ықпалы зор. Келешекте бұл орталық түрлі келелі мәселелерді талқылайтын орынға айналық қана қоймай, жас өнерпаздарды тәрбиелейтін шеберлік мектебіне айналатыны сөзсіз. Осы арқылы Сыр өнеріне баулып, шыңдалған дүлдүлдеріміз әлі талай дүбірлі додаларда топ жаратынына сенеміз», – деп сөзін қорытындылады орталық директоры.

Жалпы, бүгінде облыс аумағындағы үш ауданда Жыраулар үйі ашылып, жұмыс жүргізіп жатыр екен. Оның ішінде Арал қаласында Нұртуған жыраудың ізімен ашылған орталықта 10 үйірме жұмыс істейді. Сол сияқты Кармакшы ауданындағы Көшеней Рүстембеков атындағы Жыраулар үйі жанынан ашылған орталықта 9 үйірме дәстүрлі өнерді жаңғыртуға күш салып жүр. Сол сияқты Шиелі ауданында да мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты Нартай өнер үйі ашылған. Қазір бұл орталықта 5 үйірме жұмыс жасап жатыр екен. Алдағы уақытта оның қатарын арттырып, Сырдария, Жалағаш және Жанақорған аудандарында да осындай орталықтар ашуға ұсыныс жасалып жатқанын жеткізді.

Дәстүрлі өнердің қара шаңырағында өткен бір күніміз ерекше әсерге толы болды. Сырдың бас қаласы Қызылордада «Руханият» жылы аясында Жыраулар үйінің ашылуы дәстүрлі өнер жанашырларының қазақтың баға жетпес асыл қазынасына деген шынайы құрметі деп қабылдадық.

Қызылорда облысы





ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА

Астана қаласының Достық үйінде Жеңіс күніне орай «Аталардың ерлігі – жастарға үлгі» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға елордалық Қазақстан халқы Ассамблеясы және Ақсақалдар кеңесінің мүшелері, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, жастар, әскери бөлімдердің әскери қызметшілері және басқа да қонақтар қатысты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жиынның мақсаты – Ұлы Отан соғысындағы жеңістің тарихи маңызын түсіндіру, ата-бабаларымыздың ерлігін ұлықтау мен насихаттау арқылы өскелең ұрпақтың бойында қазақстандық патриотизм мен ұлттық сана-сезімді қалыптастыру.

Іс-шараның модераторы Астана қаласы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ләззат Құсаинова:

– Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсенді атсалысатынын мақтанышпен айта аламыз. Олардың адал еңбегінің арқасында елордада да, елде де ұлтаралық келісім мен толеранттылық сақталуда. Біз өзіміздің игі істерімізбен қазақстандықтардың қиын-қыстау кезеңде жұмылып, ұлты мен кәсібіне қарамастан біртұтас әрекет ете алатынын көрсетеміз. Бүгінгі шара алдағы екі мереке – Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне арналады, – деді.

Жиында алғашқы болып сөз алған Қазақстанның орыс, славян, казак ұйымдарының қауымдастығы төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Владимир Божко:

– Ұлы Отан соғысындағы қазақстандықтардың ерліктері еш қашан ұмытылмайды. Қазақстаннан резервке 1 миллион 200 мың адам жұмылдырылса, еңбек армиясы үшін 700 мыңнан астам жіберілді. Елімізде әскерге шақырылғандардың ішінде 12 атқыштар, 4 атты әскер, 7 атқыштар бригадасы, 50 әскери батальон мен полк құрылды. 497 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атанды. Оның ішінде Бигелдинов, Павлов және Луганский

екі мәрте батыр атанды. Елімізде орналасқан 27 мектеп майданға 16 мың офицер дайындады. 600 000 мың қазақстандық соғыста батырлықпен көз жұмды, – деді.

Сондай-ақ іс-шара аясында Астана қаласы Мемлекеттік мұрағатының ұйымдастыруымен «Ерлікке тағзым» атты мұрағаттық құжаттардың көрмесі өтті.

– «Екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақстандықтардың ерлігі архив құжаттарында» кітабы да көрмеге қойылып, дөңгелек үстелге қатысқан қонақтардың назарына ұсынылды. Бұл – архив құжаттарына негізделі отырып жазылған кітап. Соғысқа қатысқан азаматтардың архивтері бізде жеке қор ретінде жиналған. Осы қорларды топтастырып, орыс және казак тілінде кітап етіп шығардық. Бүгінгі басқосуға арқау болған даңқты батырлар Сағадат Нұрмағамбетов, Рахымжан Қошқарбеу батыр атағын алғанда 20-дан енді асқан жастар еді. Олар тіпті соғысқа баруға жасы да толмай, «19 жастамын» деп өзі сұранып әскерге аттанған. Осының бәрі бүгінгі жиналысқа қатысқан жастарға үлкен тәрбие деп ойлаймын, – деді Астана қаласы Мемлекеттік архив директоры Жангелді Бимолдин.

Жиын барысында ел азаматтарының Екінші дүниежүзілік соғыстағы ерлік тарихы мен тылдағы еңбек майданында «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін» деген ұранмен соғыстың барлық ауыртпалығын көтере білген қарттар, әйелдер мен балалардың қажырлы күресі туралы да естеліктер айтылды.

Назира ТҰРҒАНБАЙҚЫЗЫ



АРДАГЕРЛЕРГЕ ПӘТЕР КІЛТІ БЕРІЛДІ

Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков Жеңіс күні қарсаңында Ұлы Отан соғысының ардагерлері Мұратәлі Төлепбергенұлы мен Нина Мосуноваға Мемлекет басшысының арнайы жолдаған алғысын жеткізіп, пәтер кілттерін табыстады.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың соғыс және тыл ардагерлерін Жеңіс күнімен құттықтау хатын қала әкімі оқып берді. «Біз 9 мамырда бейбіт өмір мен тыныштықты қорғау жолында құрбан болып, майдан даласынан қайтпай қалған батырларымыздың рухына тағзым етеміз. Соғыс және тыл ардагерлеріне шексіз ризашылық білдіріп, айрықша құрмет көрсетеміз», – делінген Президент құттықтауында.

Үшінші мегаполисте соғысқа қатысқандардан екі ардагер бар. Олардың бірі – Нина Мосунова. 100 жастағы майдангер әжей соғыс кезінде радист болған. Ал екінші майдангер – Брест қамалы, Варшава, Данск, Виссмарк қалалары үшін шайқасқан Мұратәлі Төлепберген ақсақал. Ол кан майдан шебінде жан аямай, ерлік көрсеткені үшін «Ұлы Отан соғысы», «Германияны жеңгені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» ордендерімен марапатталған.

Мегаполис басшысы аға буынның Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі ерлігі мен еңбегі өскелең



ұрпақ үшін қайсарлықтың, жанқиярлықтың және отаншылдықтың озық үлгісі болып қалатынын айрықша атап өтті. «Біз Жеңістің құндылығын ешқашан ұмытпаймыз және бостандық үшін қаза тапқан батырлардың жарқын жадына тағзым етеміз. Сіздердің бойыңыздағы ерлік пен ұлы рух, батылдық пен батырлық болашақ ұрпақ үшін табандылық пен патриотизмнің лайықты үлгісі болып табылады», – деді Ғабит Әбдімажитұлы.

Ғасыр жасаған қарт майдангерлер қала басшысына шексіз ризашылықтарын білдіріп, шынайы алғысын жеткізді.

Айта кетейік, осы күні Шымкентте Жеңіс мерекесі айрықша салтанатымен аталып өтті. Ғабит Сыздықбеков соғыс ардагерлерімен бірге «Даңқ мемориалына» гүл шоғын қойып, Ұлы Отан соғысы

жылдарында қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым етті. Шаһар тұрғындары да «Мәңгілік алау» монументіне гүл шоғын қойып, марқұмдарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Осы ретте айта кетейік, қала әкімі Ғабит Сыздықбековтің тікелей ұсынысымен Жеңістің 79 жылдығына орай ҰОС ардагерлеріне көрсетілетін көмек көлемі 1 329 120 теңгеден 2 000 000 теңгеге дейін арттырылды. Сондай-ақ ҰОС ардагерлеріне теңестірілген азаматтарға 166 140 теңге төленді. Бұған дейін олар 132 мың теңге алған.

Тыл еңбеккерлеріне де материалдық көмек көрсетілді. Былтыр оларға 41 400 теңге төленсе, биыл бұл сома 55 380 теңгеге ұлғайтылды.

Назгул НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

МЕРЕКЕ КҮНІГІ МАРАПАТ

7 мамыр – Отан қорғаушы күні Алматы облысының тұрғындары Алматы-1 теміржол стансасында су тасқыны болған апатты аймақтан, Батыс Қазақстан облысынан оралған Алматы облысының құтқарушылары мен еріктілерін қарсы алып, құрмет көрсетті. Алматы облысынан сәуір айының ортасында Батысқа 171 техника, 50 құтқарушы және 15 ерікті жіберілген. Олар Батыс Қазақстанда орын алған алапат тасқынның алдына тосқауыл қоюға, адамдарды құтқаруға көмектесіп, апат зардаптарын жоюға атсалысты.

Талғарлық жүргізуші Елдар Исаевтың айтуына қарағанда, олар уақытпен санаспастан тасқынмен күресіп, адамдар мен олардың мал-мүлкін аман алып қалуға тырысқан. «Біз, жүргізушілер суды бөгейтін дамба тұрғызу үшін күніне 15 рет құм мен топырақ жеткізіп отырдық. Кейде тамақтануға уақыт таппай қалатынбыз. Соның арқасында Чапаев ауданында ұзындығы 8 шақырымнан асатын дамба тұрғыздық. Бірнеше ауылды аман алып қалдық», – дейді ол.

Сол 7 мамыр күні облыс орталығы Қонаев қаласында өңір басшысы Марат Сұлтанғазиевтің төрағалығымен Отан қорғаушы күніне орай салтанатты жиын өтті. Онда облыс әкімі өңірдегі Қарулы Күштер мен қорғаныс істері саласының қызметкерлерін мара-



паттады. Олардың арасында су тасқынына қарсы іс-шараларға қатысқан әскерилер де бар.

«Алматы облысының әкімдігі аумақтық қорғаныс жүйесін дамыту бойынша нақты шараларды қолға алып, үлкен істер атқаруда. Быыл дербес облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы құрылды. Басқарма құрудағы басты мақсат – әскери қызметтегі азаматтардың дайындықтарын және жастарды әскери қызметке шақыру жұмысын күшейту еді. Аталған кадамның алғашқы оң нәтижесі ретінде биыл көктемгі әскери қызметке шақыру жоспарының артығымен орындалып жатқанын атап өтуге болады. Сонымен қатар жылда Қорғаныс министрлігімен бірге өткізілетін әскери жиындардың сапасы барынша артуда. Мұндай шараның бірі өткен аптада Талғар ауданында ұйымдастырылды. Осындай жұмыстар арқылы жергілікті атқару органдары Отанымыздың қорғаныс жүйесін дамытуға өз үлестерін қосуда. Қарулы күштердің әлеуетін арт-

тыру – баршамыздың басты міндетіміз бола бермек!» – деді облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев.

Мереке күні марапатқа ие болғандар қатарында №32363 әскери бөлім подполковнигі Фани Аязбеков, старшина Бауыржан Бедеров, аға сержант Ербол Сарсек болды. Сонымен қатар Ақтөбе және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы №58012 әскери бөлімнің әскери қызметшілері подполковник Төлеген Назаров, майор Айдос Бакытбеков, аға лейтенант Дініслам Қалибеков, 2-ші сыныпты сержант Саят Ақан, 3-ші сыныпты сержант Айбек Сәрсенов бар.

Салтанатты жиын соңында №32363 әскери бөлімінің командирі, гвардия полковнигі Б.Аманқалиев қызметтестері астынан Алматы облысы тарапынан көрсетілген құрметке алғысын жеткізіп, барша ерлер қауымын мерекемен құттықтады.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

АЛАЯҚТЫҚ АЗАЙМАЙ ТҮР

Жақында Жамбыл облысында 130 адамды алдап, 246 миллион теңгеден астам қаржыны қолды қылған бес адамнан құралған қылмыстық топқа қатысты сот үкімі шықты. Олардың алды сегіз жыл алса, қалғандары алты жылға сотталып отыр.

Саятхан САТЫЛҒАН

130 АЗАМАТТЫ САН СОҚТЫРҒАН

Жалпы, бұл іс бақандай екі жыл тергелген. 130 адамның оқиғасы жеке-жеке қаралып, әр жағдай бойынша жәбірленушілер мен күдіктілердің дәлелі мен дәйегі зерделенген. Нәтижесінде, Тараз қалалық №2 соты алаяқтық бабы бойынша бес күдіктіге үкім шығарды.

«Сотталған Т. өзінің қылмыстық сыбайластары Д., И., К. және И.-мен бірге адамдар тобы болып алдын ала сөз байласу арқылы жеке тұлғалардың сенімдерін теріс пайдаланып, олардың аттарына онлайн тауарлық несиесі ресімдеп, тауарды қолма-қол ақшаға айналдыру арқылы бөтен мүлікке құқықты иемдену жолымен алаяқтық әрекеттер жасаған. Сотталғандардың қылмыстық әрекеттерінің салдарынан 130 адам жәбір көріп, жалпы 246 миллион теңгеден астам сомада материалдық залал келтірілген», — деді Тараз қаласы прокуратурасының аға прокуроры Индира Сәттібаева.

Ал күдіктілер азаматтардың ақшасын алдап иемдену үшін екінші деңгейлі банктердегі таныстарын пайдаланған. Сондай-ақ істе жеке кәсіп иелерінің де аттары аталады. Олар онлайн ресімделген тауарлардың ақшасын қолма-қол ақшаға айналдырып беріп отырған. Осы қызметі үшін өздерінің пайыздық үлесін алған.

Сот үкімі бойынша, алаяқтардың біріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарында жұмыс істеу құқығынан 5 жылға айыра отырып, 8 жыл мерзімге бас бостандығынан



айыру жазасы тағайындалса, екеуі 6 жылға, біреуі 2 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылды.

ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ ЖАНАЙҚАЙЫ

Қазір сот үкіміне қатысты жәбірленушілердің ойлары әртүрлі. Бірі сот шешіміне разы екендерін айтса, екіншілері сотта қылмысқа қатысы барлардың ісі толықтай қаралмағанын алға тартады.

— Бүгін сотталған қыз дүкенімізге келіп жүретін. Содан сенімімізге кіріп онлайн несиесі ресімдеп кеткен. Басында аз пайызбен баспана алып беретіндігін айтқан болатын. Кейіннен несиесіне ұрынғанымызды түсіндік, — дейді жәбірленуші Асылан Әбіков.

Ал жәбірленуші Жанасая Базарбаева сот үкіміне толықтай қанағаттанбай отыр. Оның айтуынша, тергеушілер бір істі екі бөліп тергеп, нәтижесінде бөлектенген істер бойынша әділ шешім шықпаған көрінеді.

— Негізі, 8 жылға сотталған А. есімді күдіктіні әпкем арқылы білемін. Содан несиелік тарихың нашар болса да ақша шығарып беретіндігін айтып, сенімімізге кірді. Соны әпкемді де, кейін әкемді де ірі

сомаға алдап соқты. Әпкем онлайн несиесі шығып тұрған кезде бір нәрседен күдіктеніп бас тартса да, оның атынан несиесі ресімделіп кеткенін банктен қоңырау түскенде білдік. Ал ұсталған күдікті ол несиенің ресімделмегенін айтқан болатын. Содан отбасымызбен алаяққа алданып, сан соқтық. Қылмыстық топтың жетекшісі болып жүрген А. есімді күдікті несиенің 9 айы тегін болатындығын, ал қалған төлемі бөліп төленетіндігін айтып талай танысымызды қарызға бытырды. Негізі, бұл істе екінші деңгейлі банктерден бөлек, жеке кәсіпкерлердің де көп екені тергеуде айтылды. Алайда сотта қаралған жеке кәсіпкерлердің басым бөлігі шығынды өтеп, жәбірленушілермен мәмілеге келді. Соның есесінен, олардың ісі сотта қысқартылды. Бірақ бұл сотта қылмыстық іске қатысы бар өзге кәсіпкерлердің әрекетінде қылмыстық құрамның бар-жоғы толықтай қаралған жоқ. Оған себеп, ол іс бөлектеніп тергеуде жатыр. Сотқа өткен жоқ. Осы бөлектенген істер сотқа жетіп, өзге жеке кәсіпкерлерге қатысты да әділ сот шешімі шықса деген үмітіміз бар, — дейді Жанасая Базарбаева.

Жалпы, жәбірленушілер қолды болған ақша қайтарылса екен дейді. Ол үшін бөлектенген істегі онлайн несиені қолма-қол

қаржыға айналдырып беріп отырды деген күдікке ілінген жеке кәсіп иелерімен мәмілеге келуге де дайын. Тек тергеушілер істің ақ-қарасын ажыратып, оларды кінәсіз толықтай дәлелдеп берсе болғаны. Сол кезде екі жыл бойы жәбірленушілердің жанақайына айналып, әбден әбігерге салған істің нүктесі қойылар ма еді?!

ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ 60 ПАЙЫЗЫ ҒАНА АШЫЛҒАН

Жалпы, Жамбылдағы алаяқтық фактілері аландатып тұр. Бір ғана Тараз қаласында тәртіп сақшылары былтыр осындай қылмыс бойынша 243 деректі тіркеуге алған. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 35 дерекке кемігенімен, жасалған қылмыс түрінің небәрі 60 пайызы ғана ашылған.

Алаяқтық қылмыстардың бірқатарына тоқталсақ, қала тұрғыны желіде Қытайдан арзан бағаммен ыдыс-аяқ пен басқа да тұрмыстық керек-жарактарды сататын интернет-дүкенді көрген. Ол өзіне ұнаған тауарларды таңдап, мессенджер желісі арқылы хат жазысқан сатушы әйелдің жеке шотына 141 800 теңге көлемінде ақша аударған. Алайда көрсетілген уақытта әйел тауарларын ала алмаған. Сонымен қатар онымен сатушы байланысқа шықпай, нөмірін бұғаттаған.

Сол сияқты тараздық бір алаяқ WhatsApp мессенджерінде арнайы чат құрып, спорттық сайыстарға ставка тігу арқылы тез байып кетуді армандаған тұрғындарға 30 мыңнан бастап, 100 мың теңгеге дейін ақша салдыртып, 14 адамды алдап соққан.

Байқасақ, алаяқтық деректері сан тармаққа тамыр жайған. Барлық жағдайда бұқара жапа шегуде. Ал тіркелген қылмыстардың 60 пайызы ғана ашылуы алақай-лайтын көрсеткіш емес. Бұл — алаяқтық жолмен ақша иемденгендердің жартысына жуығы әлі бостандықта жүр деген сөз. Осыған құзырлы органдар жіті көңіл бөліп, алаяқтық фактілерін түп тамырына дейін зерделеп, жауаптыларды жазаға тартады деген үміт мол.

Жамбыл облысы

ҚР МСМ МК «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің бос лауазымдарына байқау жариялайды:

«Музыкатану және композиция» кафедрасына: Профессор — 3; Доцент — 6; Аға оқытушы — 3; Оқытушы — 2.

«Арт-менеджмент» кафедрасына: Доцент — 2; Аға оқытушы — 1; Оқытушы — 1.

«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасына: Доцент — 1; Аға оқытушы — 2.

«Вокалдык өнер» кафедрасына: Доцент — 1; Аға оқытушы — 3; Оқытушы — 1.

«Дирижерлау» кафедрасына: Аға оқытушы — 2; Оқытушы — 4.

«Арнайы фортепиано» кафедрасына: Профессор — 1; Аға оқытушы — 1.

«Жалпы фортепиано» кафедрасына: Доцент — 1; Аға оқытушы — 3; Оқытушы — 1.

«Ансамбль өнері» кафедрасына: Аға оқытушы — 1; Оқытушы — 3.

«Үрмелі және үрмалы аспаптар» кафедрасына: Профессор — 1; Доцент — 1.

«Ішекті аспаптар» кафедрасына: Аға оқытушы — 1.

«Домбыра» кафедрасына: Доцент — 2; Оқытушы — 1.

«Халық әні» кафедрасына: Профессор — 2; Доцент — 1; Аға оқытушы — 3; Оқытушы — 1.

«Қобыз және баян» кафедрасына: Аға оқытушы — 1.

050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы 86 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап бір айдың ішінде құжаттар Персоналмен жұмыс істеу бөліміне ұсынылуы тиіс. Ақпарат алу үшін 8 (701) 718-87-41 телефоны арқылы хабарласуға болады (2022 жылғы 27 сәуірдегі № ПР-03-22 «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына конкурстық орналастыру ережесімен бекітілген). Аталған хабарландыруды консерватория сайтында көруге болады <https://www.conservatoire.edu.kz/ru/news/konservatoriya-obyavlyayet-konkurs-na-zameshchenie-vakantnykh-dolznostey-na-2024-god-.html>

РГУ «Казахская национальная консерватория имени Курмангазы» КК МКС РК объявляет конкурс на замещение вакантных должностей профессорско-преподавательского состава и научных работников:

На кафедру «Музыкаведения и композиции»: Профессор — 3; Доцент — 6; Старший преподаватель — 3; Преподаватель — 2.

На кафедру «Арт-менеджмент»: Доцент — 2; Старший преподаватель — 1; Преподаватель — 1.

На кафедру «Социально-гуманитарных дисциплин»: Доцент — 1; Старший преподаватель — 2.

На кафедру «Вокальное искусство»: Доцент — 1; Старший преподаватель — 3; Преподаватель — 1.

На кафедру «Дирижирование»: Старший преподаватель — 2; Преподаватель — 4.

На кафедру «Специальное фортепиано»: Профессор — 1; Старший преподаватель — 1.

На кафедру «Общее фортепиано»: Доцент — 1; Старший преподаватель — 3; Преподаватель — 1.

На кафедру «Ансамблевое искусство»: Старший преподаватель — 1; Преподаватель — 3.

На кафедру «Духовые и ударные инструменты»: Профессор — 1; Доцент — 1.

На кафедру «Струнные инструменты»: Старший преподаватель — 1.

На кафедру «Домбра»: Доцент — 2; Преподаватель — 1.

На кафедру «Народное пение»: Профессор — 2; Доцент — 1; Старший преподаватель — 3; Преподаватель — 1.

На кафедру «Кобыз и баян»: Старший преподаватель — 1.

Документы должны быть представлены в течение месяца с момента публикации данного объявления по адресу: 050000, г. Алматы, пр. Абылай-хана, 86, отдел по работе с персоналом. Телефон для справок: 8(701)718-87-41 («Правила конкурсного замещения должностей профессорско-преподавательского состава и научных работников Казахской национальной консерватории им. Курмангазы», утвержденный от 27.04.2022 г. № ПР-03-22).

Данное объявление доступно на сайте консерватории <https://www.conservatoire.edu.kz/ru/news/konservatoriya-obyavlyayet-konkurs-na-zameshchenie-vakantnykh-dolznostey-na-2024-god-.html>

«DWDM деректерді жіберу жүйесіне арналған жабдық» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері және қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«DWDM деректерді жіберу жүйесіне арналған жабдық» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп танилды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «DWDM деректерді жіберу жүйесіне арналған жабдық» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 1, жалпы сомасы — 286 860 502,52 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын тауарларын тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 20 мамырда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 20 мамырда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 393-04-76.

Объявление о результатах открытого тендера, и проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Оборудование для системы передачи данных DWDM»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает открытый тендер по закупке товаров «Оборудование для системы передачи данных DWDM» - несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Оборудование для системы передачи данных DWDM» (Количество лотов — 1; на общую сумму — 286 860 502,52 теңге без учета НДС).

Перечень товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 — 13.00 ч. и с 14.30 — 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 20 мая 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 20 мая 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-04-76.

Елдос СМЕТОВ,
дзюдодан екі дүркін Олимпиада жүлдегері:

ЖОЛДАМАҒА ЛАЙЫҚ БОЛМАСАМ, ӘУЕЛДЕ-АҚ БАС ТАРТАР

Елдос Сметов араға тоғыз жыл салып Астана төрінде күресті. Иә, талантты дзюдошы «Олимпиада алтынын алмай қоймаймын» деп отыр. Демек, 60 келі салмақтағы тартыс одан сайын қыза түседі. Өйткені Нұрқанат Серікбаев пен Мағжан Шамшадин де оңай шағылар жаңғақ емесін дәлелдеп жүр. Десе де, бұл шайқастың нәтижесі Абу-Дабиде өтетін әлем чемпионатынан кейін белгілі болмақ. Ал оған дейін 10-12 мамыр күндері елордадағы «Үлкен дулыға» бәсекесі күтіп тұр. Бейге алдында ел мақтанышымен сұхбаттастық.

едім



— Төрткүл дүние көз тігетін додаға 2,5 ай уақыт қалды. Елдос Сметов Олимпиадаға дайын ба?

— Баға берер болсам, толық дайынмын деп ойлаймын. Физикалық, психологиялық тұрғыда өзіме көңілім толады. Ал техника жағынан енді-енді қалыпқа келе бастадым. Меніңше, психология тұрғысынан Олимпиада аурасы қысып, мысы баспайды. Өйткені бұл менің үшінші олимпиадалық циклім. 2012 жылы Лондон Олимпиадасына қатыса алмай қалдым. Рио мен Токио Олимпиадасында татамиде өнер көрсетіп, жүлдегерлер мінберіне көтерілдім. Алтынның оң жағынан да, сол жағынан да қарап көрдім. Енді чемпион тұғырына шығатын бір ғана баспалдақ қалды. Адам алдына максат қойып, қандай да бір қиындыққа мойымай, шыдам танытса жеңіске жетпей қоймайды. Менің спорттағы түйенім — осы. Алдымнан кезіккен сәтсіздікті жігерлендіру ретінде қабылдап, оған мойымай, күресе түстім. «Қандай да бір нәрсені қатты жақсы көрсен, сонымен сыналасың» деп жатады. Мен спортты, соның ішінде Олимпиада ойындарын сүйемін. Еліміздің ұстап шығарсам, Әнұранын әуелетсем деймін. Қазақтан шыққан дзюдодан тұңғыш Олимпиада чемпионы атансам деген бала күнгі арманым бар. Елордадағы бәсеке алдында оқу-жаттығу жиындары Жақсылық Үшкемпіров ғимаратында өтіп жатыр. Көзі тірі кезінде Жақсылық атамыз тілек айтып, Рио мен Токио Олимпиадасына аттанарда батасын беріп, «артымнан ізімді басқан, Олимпиада чемпионын көрсем» деп тілегін айтқан еді. Сол сөзі әлі санамда жаңғырып тұр. Дзюдодоғы мансабымды аяқтамай, спортқа ұстап тұрған бірден бір дүние — атамыздың арманы. Менің де қалауым осы. Сондықтан артқа шегінер жөнім жоқ. Түбіне жетпей қоймаймын деп уәде

бергенмін. Бұйырса, Олимпиаданың алтынын аламын деген ниетім бар. Тынғылықты дайындық үстіндемін. Жалпы, ересектер құрамасы сапында жүргеніме 15 жыл уақыт болды. Иә, біршама жарақат кедергісін келтірді. Олимпиадамен қатар еліміздегі Grand Slam додасына да дайындалып жатырмын. Бұған дейін 2015 жылы Астанада әлем чемпионы атанып едім. 9 жылдан кейін қайта елорда төрінде күресемін. Сәтін салса, рейтинг ұпайын алып, ел үмітін ақтауға барымды саламын.

— Сонда жарاقاتыңыздан толық жазылдыңыз ба? Азия чемпионаты алдында «белдесуге 70-80%-ға дайынмын» дегенсіз.

— Ташкент қаласында Әлем біріншілігінде белдескенімде иығымдағы жарақатпен күрестім. Көп уақыт бойы мазалап жүрген жарақат. Мұны сезінетін де, түсінетін де өзім. Сондықтан халық алдына шығып, «иығымдағы жарақатқа байланысты ұтылдым» деп жар салып айта алмаймыз. Көптеген жарысқа дайынмын деп барамын, бірақ екі-үш белдесуден кейін шабуыл жасайтын кезде жарақатым күресуге мұрша бермейді. Қазір толыққанды жазылдым деп ойлаймын. Жарақатым аса қатты мазаламайды. Әрине, микрожарақаттар бар. Татами төрінде ел намысы үшін күрескенімде микрожарақатты ұмытасын. Не боларын алда көреміз. Бастысы, қандай жағдайда да жаттығу жасаймын. Үйде болсам, күніне бір рет, оқу-жаттығу жиыны кезінде екі рет жаттығамыз.

— Ал сіздің «Олимпиада алтынын алсам» дейтін арман жолында басқа дзюдошы «жанып» кетпей ме?

— Спорт бәсекесінде «інім бар, ағам бар, жол беру керек» деген жоқ. Біріншіден, кім мықты, сол додаға қатысуы керек. Екіншіден, мен лайық емес болсам, дайын емес болсам, өзім-ақ бас тартамын. Егер мүмкіндігім бар екенін сезінсем, соңына дейін



күресемін. Қазір мүмкіндігім бар екенін сезінгеннен, әлі күнге спорт саласында жүрмін. Артымнан өсіп келе жатқан інілеріме сәттілік тілеймін, соңына дейін күресіп, мықты екенін дәлелдесін. Күні ертен Астанадағы жарыс, одан кейін Әлем біріншілігі күтіп тұр. Сонда топ жарып тұрса, менен бір бас жоғары екенін дәлелдеп тұрса, онда ешқандай реніш жоқ. Өз басым қолдау көрсетемін, қолымнан келген көмегімді аямаймын. Психологиялық, техникалық тұрғыда да, жаттығу барысында да оларға білгенімді үйретемін. Бәсекеге келсек, құрамада жүргенім оларға зиянын тигізбейді. Пайдам тимесе, зияным тимейді. Әлемдік додаларды көрген соң, тәжірибеммен бөлісемін. Ағалық көмегімді аямаймын.

— Алдағы БАӘ-де өтетін Әлем біріншілігіне жолыңыз түсе ме?

— Наурыз айында Нұрқанат Серікбаев Тбилисидегі Grand Slam-да топ жарды. Күні кеше Мағжан Шамшадин Душанбедегі Grand Slam-да күміс жүлдегер атанды. Алда Астанадағы Grand Slam бар. Бұйырса, осы турнир қорытындысы бойынша әлем чемпионатына баратын дзюдошы анықталады деп ойлаймын. Жоғарыда айтқанымдай, бәсеке жоғары. Бәсеке арқылы ғана биік тұғырдан көріне аламыз.

— Сіздіңше, 60 келі салмақта үздік төртікке кіретін балуандар кім?

— Бірден айтайын, қарсыласымды ыңғайсыз не он жамбасқа келетін деп бөлмеймін. Дайындыққа ғана мән беремін. Бабымда болсам, ешкімге дес бермесімді білемін. Жеребе қалай түсетіні, кім қарсылас болатыны маңызды емес. Тонуста болып, татами үстінде мүдірмей өнер көрсетуім маңызды. Қалғанына бас ауыртпаймын. Екі Олимпиадада жиған тәжірибем бойынша, адам қаншалық тынғылықты дайын болады, соншалық жемісін жейді. Соған анық көзім жетті. Өйткені Токио олимпиадасына жеребе ауыр түсті. Бірінші белдесуде түрік балуаны, екіншісінде корей балуаны, ақтық айқасқа жолдама алуы үшін Такатомен шықтым. Төрт фаворит бір топқа түсіп қалды. Сол сияқты кімнің бағы жанады, бабы шауып тұрады сол жеңіске жетеді. Өйткені Такатомен белдесуімде «өттен-ай» дейтін жерім қалған жоқ, барымды салдым. Олимпиада алтынын алуға үш мүмкіндігім болды. Мүмкіндігімді уыстан шығарып алдым. Ал уыстан шықпайтын мүмкіндікті жіберіп қойдым. Осы салмақтағы мықтыларға келсек, жапон Рюдзю Нагайма, француз Лука Мхеидзе, испан Франсиско Гарригос, Тайбэй балуаны Янг Юнвэй көш бастап тұр. Алдағы додаларда бәріне сәттілік тілеймін!

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:

Астанада дзюдодан өткен Qazaqstan Barusy Grand Slam жарысында Елдос Сметов қола медаль жеңіп алды.

ҒАЛИЯ ТЫНБАЕВА АЛТЫН АЛДЫ

Дзюдодан Қазақстан командасының мүшесі Ғалия Тынбаева Астанада өтіп жатқан Grand Slam турнирінде топ жарды. Бұл туралы Ұлттық олимпиадалық комитет жазды.

Әйелдер арасында 48 келі салмақта өткен финалдық белдесуде Ғалия ресейлік Сабина Гилязованы жеңді. Қазақстандық спортшы алдымен вазари, кейін иппон ұпайын алып, кездесуді мерзімінен бұрын аяқтады. Осылайша Ғалия Тынбаева қазақ қыздары арасында тұңғыш рет Grand Slam додасының алтынын алып отыр. Айта кетейік, жас спортшы өз мансабында тұңғыш рет турнирдің финалына шықты.



РЫБАКИНА ТИТУЛЫН ҚОРҒАЙ АЛМАДЫ

Қазақстанның бірінші, әлемнің 4-ракеткасы Елена Рыбакина Рим WTA 1000 турнирінде чемпиондық атағын қорғаудан бас тартты.

Елена Рыбакина бүгін екінші айналымда дүниежүзілік рейтингіде 161-орында тұрған румыниялық Ирина Бегумен ойнауы керек еді. Теннисшінің ауырып қалғанының себебінен бұл ойында франциялық Осан Доден бағын сынап көрді. Осылайша, жерлесіміз Римде чемпиондық атағына қоса өткен жылғы рейтингілік ұпайынан айырылды.



«Биыл Рим турниріне қатысудан бас тартуыма байланысты өкініш білдіремін. Жарысу үшін өзімді жылғы сезіне алмай тұрмын. Чемпиондық атағымды қайтару үшін келер жылды күтемін», — деп түсіндірді спортшы.

Сонымен қатар Қазақстанның ерлер арасында бірінші, әлемнің 17-ракеткасы Александр Бублик Рим WTA 1000 турнирінде жекелей сында жеңіліп қалды. Ол екінші айналымдағы бастапқы кездесуінде күтпеген жерден рейтингіде 53-сатыдағы португалиялық Нуну Боржешке есе жіберді — 4:6, 4:6.



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС
Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді КҮРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алғабай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Нәзгу НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102
ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com
Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4445
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.